

Бекәділ СЕМҚҰЛ

ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

Жыр жинағы

ҚАРАҒАНДЫ 2023

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84Қаз-5

С 34

Пікір жазғандар: М.Ә.Топашов - филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ә.Қ.Жақан - ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
журналистика кафедрасының аға оқытушысы

БЕКӘДІЛ СЕМҚҰЛ

ДҮНИЕ ЖАРЫҚ. Жыр жинағы/Б.Семқұл. –
Қарағанды, 2023. – 186-бет.

ISBN 978-601-7140-14-4

Журналист, сатирик Бекәділ Семқұлдың оқырмандарға ұсынып отырған жаңа кітабы, әр жылдары жазылған өлеңдерінен – туған жер, оның табиғат суреттері, базарлы балалық шақ, өмірге деген құштарлық, сағыныш сезім, Отанға, ата-анаға деген шынайы сүйіспеншілік, адал достық пейіл, сырлы әлем, өмірдің күйініші мен сүйініші, төрткүл дүние тынысы байқалады.

Кітап жыр сүйер қауымға, көпшілікке арналады.

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84Қаз-5

ISBN 978-601-7140-14-4

@Бекәділ Семқұл, 2023

I.ДАЛА ҰҒЫМЫ ҚАЗАҚПЕНЕН БІР ЕГІЗ

*Дала ұғымы қазақпенен бір егіз,
Егіз ұғым болып мәңгі сүреміз.
Қазақ барда бар болады бұл дала,
Дала барда біз жер басып жүреміз!!!*

МІНЕЗ

Тұлпарлар шапқан даланың,
Кеңдігін көрген баламын.
Сондықтан болар тізгінді,
Босатып кейде аламын.

Қырандар ұшқан даланың,
Аспанын көрген баламын.
Делебем қозып сондықтан,
Желпініп кейде аламын.

Аққулар қонған даланың,
Айдынын көрген баламын.
Сондықтан болар шарықтап,
Шалқып бір кейде аламын.

Дауылды, боран даланың,
Мінезін көрген баламын.
Сондықтан болар өр мінез
Танытып кейде аламын.
08.06.2018ж.

МАҢ-МАҢ ДАЛА, МАҢ ДАЛА

Маң-маң дала, маң дала,
Мың жылдықтан қарайды ол паңдана.
Ұшы қиыр шеті менен шегі жоқ,
Ойланам кеп, ойланам кеп таңдана.

Бар тарихын мол жасырған бұл дала,
Таулы-тасты, жазық-бұдыр, құм дала.
Бірде қарайд мұңдана,
Бірде қарайд ұрлана.

Талайларды қойнына алған қымтанып,
Соған куә қазақ деген бұл халық.
Келед жасап кешелерден бүгінге,
Абыз талай, аңыз талай, жыр қалып.

Дала ұғымы қазақпенен бір егіз,
Егіз ұғым болып мәңгі сүреміз.
Қазақ барда бар болады бұл дала,
Дала барда біз жер басып жүреміз!!!
08.12.19ж.

ЖЫЛҚЫ МЕН ҚАЗАҚ

Қастерлеген қазағым танып ұдай,
Дөп басқан сыр-сипатын, анық Абай,
Күншілік алыс жерге жеткізетін,
Қазаққа серік болған жануар-ай.

Тайбурыл, Қарақасқа, Тарлан, Шұбар,
Ат үсті - қанша отырса - бабам шыдар.
Ат жалында деген сөз тегін емес,
Бұрынғыдан қалғаны ол содан шығар.

Тарих бар жылқы десе Құлагердей,
Қас тұлпар жоқ-ау оған сірә тендей.
Кең даламды тәңірдің өзі берген,
Тұлпардың тұяғы үшін мына сендей.

Жылқысыз қазақы өмір болмағандай,
Жылқымен егіз өмір таңдағандай.
Жылқыдай кісінесіп табысады,
Бір-бірін көрмей қалса алда-жалда-ай.

Судың да тұнығынан қанып ішкен,
Тереңінен тайсалмай барып ішкен.
Аңсағанда даласын еске алады,
Жылқысын қазағым-ай сағынышпен.

Тебісіп те қалатын жылқыдайын,
Табысқанша болатын күлкі уайым.

Жылқы мінез қалыптан ешқашанда,
Айыра көрме бізді бір құдайым.
26.10.21ж.

ДОМБЫРА

Сайсүйекті сырқыратып қозғаған,
О, домбыра «Бозінген» боп боздаған.
«Сарыарқа» боп тартылғанда құдірет,
Қоса шауып кетуге мен аз қалам.

Тартылғанда «Көкейкесті» көкейді,
Сезім селі тасқын болып төпейді.
Құйқылжыған қос шектің сыйқыры,
Рас, рас не дейді.

«Ақку» күйі шымырлатып денені,
Тәтті тылсым бір сезімге бөледі.
Айдын шалқар көл елестеп көзіңе,
Қиқулаған үн құлаққа келеді.

«Ақ жауын» боп көңіл шердің толқыны,
Жаныңдағы толтырады олқыны.
Селт еткізіп, бір еске сап қояды,
Сыңғырлаған құлақтағы шолпыны.

...Ғасырлардың үні болып сөйлеген,
Сенсіз меңіреу жаным менің, ой - керек.
Өміріммен егіз болып өрілген,
Домбыра үні, ол - құдірет, ол - терең?!
13.09.19ж.

ТАБИҒАТ

Жанарымды сан бояу қарықтырып,
Жандүниемді жіберер жарық қылып.
О, табиғат сен маған күш бересің,
Жібергенде қу тірлік жалықтырып.

Сарайыңды ашатын қақпасы бар,
Кеудеңді самалына, тоқта ашып ал.
Айдынына шомылып айдын көлдің,
Аптық та сосын барып бір-ақ басылар.

Ей, табиғат анам-ай, мейірімді,
Шаршап келген сен басып кейіпімді.
Адамдық келе бастап қалыпына,
Көңіл де көтеріліп сейіл құрды.

Неткен ғажап еді бұл кең құшағың,
Аяңда еркін құсқа мен құсадым.
Жетелер арман болып елестейді,
Алдымда бұйраланған әлгі сағым.

...Кеңдік те, тереңдік те, биіктік те ең,
Неткен құдірет өзіңе сыйып кеткен.
Даналықты, кең пейіл дархандықты,
Бір келгенде-ақ өзіңнен түйіп кеткем!!!

ҚАРТТАР, ҚАРТТАР...

Қарттар, қарттар шежіре айтылмаған,
Сөздеріңнен жол көрем айқын маған.
Шежіреңнің кеткенде шетін қозғап,
Айызым қанып рас, ай тыңдағам.

Алтын сандық кеудесі - тарих тірі,
Сол арқылы ұрпағың таныйд түбі.
Бір адамның түк емес дәл иттігі,
Көкіректің ол азап зағиптығы.

Шежіреміз шаң басып қалмасын деп,
Басқа жаққа бұрмасын арнасын деп,
Дұрыс жолды ұрпағым таңдасын деп,
Бабалардың дәстүрін жалғасын деп.

Шежіре етіп сендерді қалдырыпты,
Кешеден бүгінге жол салдырыпты.
Біз сендерден үйреніп өстік солай,
Сабақтастық дегенді, мәңгілікті.
05.03.21ж.

ҚАЗАҚ ДЕСЕ...

Әрбір қазақ айбарым - күшім менің,
Пұшпақ жері ол қымбат - түсінгенім.
Жаным пида деп жүрем қашан да мен,
Қазақ деген Ұлы елім үшін менің.

Тисе бір тас қазақтың маңдайына,
Шығып кетер сияқты жанды-ай мына.
Жарқырап шықса әлемге бір қазағым,
Жыр шумағы оралад таңдайыма.

Қазақ десе делебем қозып тұрад,
Алда болу қазағым - озық мұрат.
Сөз тигізсе қазаққа бір қазағым,
Мен де өзімді сезінем жазықтырақ.

Шексіз далам, тек емес жазық қырат,
Жүрек үшін қылдай-қыл нәзік бір ат.
Алпыс екі тамырым аттай тулап,
Жадыма қазақтықты жазып тұрад.
17.02.21ж..

БОСАҒА

«Берік болсын!» - деп жатады босаған,
Тілек айтса үлкендер жақ тост оған.
Менің туған қасиетті босағам,
Аман болсын деп жүремін, жасаған!

О, босаға, шаңырақтың киесі,
Босағадан басталады - үй осы.
Табалдырық, маңдайшаның тірегі,
Үйдің құты, несібесі тиесі.

Көргені мол көп айтады білгендер,
Ата салтын құрметтеп жүргендер.
«Босағаны керме, құты қашады»,
Дейгін солай, үлкендер-ай, үлкендер.

Ақ босаға ақ жол тілеп сапарға,
Қарсы алады үйіндегі - отанда.
Қатерлерден сені қорғап үнемі,
Ақ босаға күзетеді жатарда.

Қым-қуыт бір мына өмірде көп кілең,
Бар қызығы жылдарымның өтті ең.
Сақтап мені келе жатқан үнемі,
Ақ босағам, аман болсын деп жүрем!!!
01.10.20ж.

ТАБАЛДЫРЫҚ

Оралта гөр деп іштей аман ғылып,
Аттағанда ойланып қалам тұрып.
Екі дүние арасы деп білемін,
Қасиетті мен сені, табалдырық.

Жарық дүниеге шыр етіп келгенімде,
Қарсы алған табалдырық жөргегімде.
Соңғы баспалдағым да сен боласың,
Соңғы демім бітіп мен, өлгенімде.

Бұл тірлікте қарсы алып талай жанды,
Тандарды да қарсы алып, арайландым.
Табалдырығымнан сәтімен аттап
шығып,
Дәмін татып көрдім мен талай маңның.

Өл-өлгенше мен саған табынармын,
Сені аттаған, ол - бақыт, бағым әр күн.
Таудан биік көрінер табалдырық,
Алыс шықсам шынымен сағынар мың.

Ойлар, ойлар қамайды мазамды алып,
Қоймаған соң жыр-жол ғып жазам
барып.
Жауыннан соң бусанған табиғаттай,
Жыр жазсам, жаным да рас, тазарды
анық.

Ойлар, ойлар сан-саққа жүгіртеді,
Бас болған соң кеудеде жұмыр тегі.
Маза бермей әйтеуір ол үнемі,
Бір ойлар бір ойымды тірілтеді.

Ойсыз адам, білмеймін не боларын,
Оймен шолып әріден ораламын.
Оймен терген тереңнен сөз асылын
Қайран менің далалық бабаларым.

Ойлар, ойлар түбіңе жете алмадым,
Сонда да сенен керек от алғамын.
Әйтеуір шашыраған ой ұшқынын,
Мен өзіме жыр-жол ғып қотарғамын.
25.06.21ж.

Қою бұлтты аспанға сірестіріп,
Сарыны да мұңлылау түр естіліп.
Қоңыр күз тағы келіп жетті, міне,
Күндерге суық ызғар ілестіріп.

Жер бетін малындырып сары алтынға,
Шық мөлдір, ол да әдемі таң алдында.
Сағынышқа толы бір сезімменен,
Күрең күз тағы қайтып оралдың ба?!!

Қоңыр күз. Қимастық па, сағыныш па,
Күзден соң жыл мезгілі, тағы қыс па?!!
Зеріктірмес зергердің дүкеніндей,
Мен білетін бұл мезгіл - нағыз ұста.
10.09.20ж.

ШУАҚ

Жүздер де бал-бұл жанған қуанышты,
Жақындатқан көктем-ай т-ү-у алысты.
Көңілімнің кептерін наурыз келіп,
Шарықтатып аспанға ап бір-ақ ұшты.

Наурыз, наурыз көктемнің алғашқы
айы,
Науры, наурыз - Шығыста жыл
бастайды.
Ұлы күні Ұлыстың төрлет, төрлет,
Бұл күн баурым болмас мұң, болмас
қайғы.

Шыға келген өзгеше реңге еніп,
Кеше тұрған қыс айы күренденіп.
Сүрден баурым армансыз татар күнің,
«Ұзын сарыға» сақтаған үнемделіп.

Наурыз, Наурыз жайдары шуақты күн,
Көзі ашылып, сарқырар бұлақ бүгін!
Халқым аман болсын деп мен тілеймін,
Халқым аман болса мен қуаттымын.
Төк, төк көктен, аямай шуақты күн!!!

БҰП-БҰЙРА ҚҰМДАР...

Бұп-бұйра құмдар жұп-жұмсақ едің сен
неткен,
Сағынып шөлдеп, асығып саған мен
жеткем.
Құм белдер туған - бесігім менің
тербеткен,
Шағылыңды басып, сыз өтпей содан ер
жеткем.

Барма екен қазір, қайда екен қайда
жаужұмыр,
Балалықты еске ап, шарықтап көңіл, ау,
жүгір.
Алтын құмым аялап басқан жып-жылы,
Қызуыңа сенің тас жүрек емес, тау
жібір.

Аткөзік қазып, жотаңнан жуа тергенім,
Ең болмаса бір сәтке қайтып кел менің.
Не деген тәтті-ең балалық шағым бал
дәурен,
Түк жетпес саған - балалық кезде
көргенім.

Құмдарым құмдар, құмды өлкем шуақ
тараған,

Бұп-бұйра жүзі, жымыып мен де
қарағам.

Таусылып бітпес нұр шуақ құйған
бойыма,

Құмды өлкем мәңгі өзіңнен өлмес нәр
алам.

ТАЛАЙ НӨСЕР ЖАУЫН ЖАУЫП

Талай нөсер жауын жауып,
Өзендер де сан тасып.
Бұлттап аспан ауық-ауық,
Маң даланы қар басып.

Дауылдың да, боранның да,
Өтінде өсіп, шыңдалып.
Қасиеті даламның бар,
Маған қапты шын дарып.

Табиғатым – бала мінез,
Көңіл-күй де өзгеріп.
Шат-шадыман болатын кез,
Бірде ашу тез келіп.

Бәрі дағы тұр есімде,
Ұмытылмас, кең далам.
Саған тартқан білесің бе,
Болмысыма таң қалам.

Сағынышқа айналатын беу, демде,
Домбыраның күмбірі бар кеудемде.
Сол қоңыр үн сақталмаса, білмеймін,
Асқақ рух болар ма еді, оу, менде.

Сел-жауынның бойымда бар қуаты,
Сол қуаттан тың жыр келіп туады.
Сол тың жырым көңіл кірін жуады,
Жайдарланып көңілімнің шуағы.

...Қонақтарын қарсы алатын тік тұрып,
Қазақ үшін дарқан пейіл - мықтылық.
Беу, қазағым, кең жомарттықты да,
Мен даламнан алсам керек жұқтырып.

II. АУЫЛ ДЕГЕН МӘЙЕГІ БОЛМЫСЫМНЫҢ

*Ауыл десе тебіренем, толқысым мың,
Ауыл деген мәйегі болмысымның,
Кісілігін көрсетіп ақ көңілмен,
Кішілігін асырған ол кісіңнің.*

АУЫЛҒА ХАТ

Өз анамдай ашады далам құшақ,
Бір жетісіп тыңайып қалам күш ап.
Ауыл жаққа алаңдап жүрем ылғый,
Іс сапарда жүрген бір адам құсап.

Тандайымда таба нан дәмі піскен,
Ойлай-ойлай жүресің бәрін іштен.
Бала кезгі ойнаған достарым-ай,
Үнемі бір жүремін сағынышпен.

Бала кезді, сол кезді бәрін ойлап,
(Сол кездер-ай бозбала, бәрі бойдақ).
Қазір көрсең баласын сол құрдастың,
«Кім едің?» деп сұрайсың танымай қап.

Әкемді көргендер де сиреп қалған,
Анамды көргендер де сиреп қалған.
Құрық түсе бастапты біздерге де,
Талай белес, десек те сүйрепті арман.

Өзгеріпті уақыт, заманың да,
Өзеріпті уақытпен адамың да,
Бойжеткендер баяғы әже болып,
Өзгеріпті кешегі «қарағым» да.

Өзгермеген аулымның сол құшағы,
Өзгермеген табиғат, бұлты шарбы.

Өзгермеген махаббат саған деген,
Көңілдегі балалық мәңгі шағым.

Арқау жіптей бір тылсым тартып тұрар,
Тартып тұрар, көңілім шалқып тұрар.
Өйткені анам бейнесі көз алдымда,
Сәби шақтың иісі аңқып тұрар.
5.09.2018ж.

АУЫЛ ДЕГЕН КИЕСІ ҚАЗАҒЫМНЫҢ

Әңгіме айтса, ауылды бастайды деп,
Ренжи көрме ары одан аспайды деп.
Ауылды айтсам қазақты айтқаным ғой,
Сүйіп өскен аулымды жастай жүрек.

Ауылда айтсам ол менің кең далам ғой,
Атқа шапқан жас күнде мен балаң ғой.
Дархандығы қазаққа қалай тартқан,
Мінезіне даламның таң қалам ғой.

Ауыл десе тебіреніп, толқысым мың,
Ауыл деген мәйегі болмысымның,
Кісілігін көрсетіп ақ көңілмен,
Кішілігін асырған ол кісіңнің.

Ауыл деген, ол - қазақ, ол - бәріміз,
Соқпақ ізбен жүретін жолдарымыз,
Сауықтырып жіберер ештеме ішпей,
Саф ауа деген дәру ол дәріңіз.

Ауыл деген қарағым сен біліп қой,
Асар деген күнде онда «сенбілік» той.
Ауылдың қандайлығын білем десең,
Анда-санда ат ізін сәл бұрып қой.

Ауыл деген киесі қазағымның,
Бар өзегі, желісі жазарымның..

Ортаймасын ырысы ауылымның,
От өшпесін астынан қазанымның.
22.12.22ж.

САҒЫНЫШ

Естеліктер хабар беред көп күннен,
Қайран жылдар қайырылмай өттің сен.
Анда-санда ат ізін сап тұрғанмен,
Ауылымнан көп алыстап кеттім мен.

Сағыныш па кеудемдегі кім білед,
Көңілімде өткен шағым кіл жүред.
Амандығын Қаройымның, аулымның,
Сондадағы жүрем ылғый шын тілеп.

Елестейді құлыншағым, тұлымшақ,
Бозбалалық кездерім-ай ұрыншақ.
Құштарлықпен оқушы едім кітапты,
Сапырыстырып бірін алып бірін сап.

Ойын бала, ойыннан да қалмайтын,
Кеш батқанша ойынды кеп жалғайтын.
Төбелесіп қалғанменен шекісіп,
Таң атқанша-ақ өкпе-реніш тарқайтын.

Бір ғажайып кездер еді-ау шақтар сан,
Таусылмайтын сыр ғып бәрін ақтарсам.
Менің сақам тигіш деп кеп бәрінен,
Мақтанушы ем, мақтанғып кеп
мақтансам.
18.10.21ж.

ТУҒАН-ТУЫС АСЫҒЫП БАУРЫМА

Туған-туыс асығып бауырыма,
Тартып кеткім кеп тұрар ауылыма.
Малшынып су-су болып жауынына,
Кеуде тоссам дариға-ай жауынына.

Шалғынында шалқамнан жатып алып,
Рахатқа қалар ем батып анық.
Қалалық бір боп кеткен адам ғой деп,
Кім айта алар содан соң дәті барып.

Сосын барып түссем ғой өзеніне,
(Суда жүзгіш нағыздың өзі еді де).
Еркіндік кереметбұл, адам үшін,
Тұрып қалған қаланың кезегіне.

Мауқымды бір осылай басып алғым,
Басып алғым, кеп тұрар тасып алғым.
Туған жерде армансыз аунап-қунап,
Осылай сонда ғана басылармын.

КҮНТІЗБЕДЕ КҮЗДІҢ АЙЫ – ҚАРАША

Қар да жауар бұл мезгілде - қаласа,
Қатты аязы таңсық емес о да аса.
Қалтыратып, тоңдырады мезгілсіз,
Күнтізбеде күздің айы - Қараша.

Бірде мезгіл мейірленіп қараса,
Таңмен желі қоса тұрып таласа,
Ұйқы-тұйқы боп кететін лезде,
Күнтізбеде күздің айы - Қараша.

Табиғаттың қалдырмаған сәнін түк.
Қар аралас жауыны да сабылтып.
Бірде қояр шуағына малынтып,
Бірде қояр шуағына жалынтып.
Күнтізбеде күздің айы - Қараша.

КЕШІККЕН КӨКТЕМ

Шықпай қойды көкте күн,
Суық ызғар тұр есіп,
Қарың дағы кетпеді,
Жатып алды сіресіп.

Үйде - көктем, далада -
Қар-жауынға ұласып.
Күн мінезсіз бола ма,
Қиқарлығы тұр асып.

Шуақты бір таңдарға,
Асыққандай жер-көк те,
Көктем, сыйлап жандарға,
Кел, сәуленді сен төк те.

Кешіккен бір қонақтай,
Ұзағынан сүйіндір.
Қарсы алайық ардақтай,
Көктем көкті киіндір!!!
Табиғатты сүйіндір!!!
Бір сілкінтсін сыйың дүр!!!
30.03.21ж.

АУЫЛДЫҢ ЖАЙСАҢ ЖАНДАРЫ-АЙ!

Ауылдың жайсаң жандары-ай, қайран
адамы,

Сәлем берсең мәз-майрам болып
қалады.

Жата қонып, сыбағанды жеп асықпай,
Қайтарсың бір деп қолқаны сосын
салады.

Өздерінде не жаңалық бар деп қояды,
Айтқандарыңа шын ықыласымен тояды.
Алдыңа барды көл-көсір етіп жаяды,
Көңілдері де сол, ақжарқын қалып
баяғы.

Ауылдың жайсаң жандары-ай, қайран
адамы,

Елестетеді кеңдікті, дархан даланы.
Қалжыңымен де шек-сіленді қатырып,
Өңгіме айтып өткен-кеткенді шолады.

Бір сәтке сенің көңіліңді де табады,
Шаруанды айт деп кетерде бәйек
болады.

Кенжесін жолға шығарып салып
тұрғандай,
Кимай-қимай қоштасып әрең қалады.

Ауылдың жайсаң жандары-ай, қайран
адамы.
11.05.20ж

ҚАРОЙЫМ

Талай жерді мен шарлап, айналсам да,
Мекен етіп бір жерді, байлансам да.
Аңсайтыным ол сөзсіз айналып кеп,
Туған жерім өзінді, қайран сонда.

Жетпейді екен өзіңе бәрі бірде,
Туған жер - ана ұғымы мәні бірге.
Күні кеше асыр сап ойнап күлген,
Қымбат жандар көңлімде әлі күнге.

Соның бәрі өшпестей сақталатын,
Жүректегі архивім боп қалатын,
Сырларым да , жырларым өмір бойы,
Өзің екен Қаройым ақтаратын.

Қуат алам өзіңнен, тамыр тартып,
Сәнің де артық, мен үшін әнің де
артық.
Мына қысқа болжаусыз дүниеде,
Тұрса екен деп тілеймін дәмің тартып.
13.01.21ж.

БАҚАНАСЫМ – ӨСКЕН ЖЕРІМ

Жеткізе алман бір ауыз дара сөзбен,
Бал күн дәмін өзіңнен ғана сезгем.
Бақанасым – сен маған ерекшесің,
Өскен жерім, кішкентай бала кезден.

Сайрап жатыр іздері сол күндердің,
Қызығы да, шыжығы мол күндердің.
Іленің толқынымен жарыса ойнап,
Өршіл арман мен содан алдым бәлкім.

Жүгіруші ем көк майса көгалыңда,
Көгалыңды іздесем табамын ба?!!
Жүгіргенде жабысып шоңайнасы,
Ізі қалған шалбардың балағында.

Жастар болып кешкісін жиылушы ек,
Бойжеткендер қылымсып қиылушы ед,
Жұпар исі аңқыған жидесінің,
Дәмі кетпей тіліңді үйіруші ед.

Айлы кештің санайтын жұлдыздарын,
Бір кездегі біз едік ұл-қыздарың.
Алғашқы махаббатым болар менің,
Қайдан білдім ішінде бір қыз барын.

Өлең жазған алғашқы талабым да,
Ұшталып ед өзіңде қаламым да.

Арман қуып өзіңнен ұшқан кезім,
Бәрі-бәрі көз алды жанарымда.

Бақанасым - өскен жер, ұмыта алман,
Құрбы-құрдас құлақта үні қалған.
Бала кезім – сағыныш мәңгі естелік,
Сонысымен қымбат-ау тірі жалған.
19.10.20ж.

ЫСТЫҚ БОЛЫП ТҰРАДЫ АУЫЛ МАҒАН

Ыстық болып тұрады ауыл маған,
Ыстық болып тұрады бауыр маған.
Тілекіш боп жүремін тілеп ылғый,
Аманыдығын солардың ауырмаған.

Ыстық болып көрінед шеңгелі де,
Айдын шалқар не жетед көлдеріне.
Асық ойнап жататын қымбат сол кез,
Тақырында сызған сол шеңбері де.

Құм белдері, өзені ыстық маған,
Нан пісірер, анашым ыстық табаң.
Айлы түнде, сөреңде жұлдыз санап,
Көз ілініп кетіп сол күшті ұйықтағам.

Бәрі, бәрі көзге ыстық көрінеді,
Талқаның да түйілген келідегі.
Қозы-лақ та ол қызық көгендегі,
Құлының да байлаған желідегі.

Оттан түспей қайнайтын қазанның да,
Бәрі-бәрі, япырма-ау көз алдымда.
Соның бәрін білмеймін қаз-қалпында,
Ақ параққа түсіріп жаза алдым ба?!!
Бұл сұрақ...

ҚҰМ ЖЫРЫ

Ірісің де, болмаса бірісің де,
Туған ұлмын бәрібір құм ішінде.
Мен құмдық боп қаламын, құм баласы,
Аңсап жүрер құм ішін тірісінде.

Тау баласы қараса тауына егер,
Түсіме ылғи құмда өскен қауын енер.
Табаныңды күйдірген құм үстімен,
Жүгіру де рахат, «тәуір өнер».

Сусып тұрар құмым-ай шәйі құсап,
Одан майда жоқ-ау, жоқ тәйірі ұсақ.
Мінезім де содан ба биязылау,
Тиылатын лезде айылы сап.

Шөлінде де гүл шашып сепсе бүрің,
Өсе берер талғамай сексеуілім.
Сенен алғам сияқты қасиетті,
Серік етіп төзімді өтсе өмірім.

Уілдеп бір жел соқса ән салатын,
Шағылдар-ай, әніңе тамсанатын.
Құм ішінің құпия өз сыры бар,
Құм ұлына айрықша соншама тым.
16.09.20ж.

ЫСҚАҚ АТАМ

Базарбай нағашы атамның ағасы

Арыстан* көпірі аузы тұсқа таман,
Жаз - жайлау ғып, суықта - қыстап атам,
Шеттеу үйде қараша отырушы ед,
Аруағыңнан айналдым Ысқақ атам!

Әңгімені бастаса төрде отырып,
Ұйтқи-ұйтқи соққандай жел де тұрып.
Жылжый-жылжый есікке бір-ақ барар,
Дей алмаймын онысын енді өтірік.

Белдескенді шыдатпай, бағып тұрмай,
Жығатын шалып та ұдай, алып та ұдай
Күш атасы - палуанның өзі еді ғой,,
«Иә, әруақ!» деп жүрер жарықтық-ай,

«Әй, Жанабай, Жанабай**» деп
жүретін,
Алқын-жұлқын қимылы, мен білетін.
Дүрілдетіп кететін барған жерін,
Сияқты бір соңынан сең жүретін.

Мінезі де қызық ед атамыздың,
Тілегі де тілек ед баталы ізгі.
Олар да жоқ, қаншама жылдар өтіп,
Сағынышқа айналып, қатар үзді.

Ескінің бір көзі еді-ау, алып кейпі,
Ұлы ана туатын халық дейтін.
Сіздер ата баталы болдыңыздар,
Бола алдық па біз ұрпақ, дәріптейтін.

*Іле өзенінің төменгі сағасы

**Жаңғыз ұлының есімі

ОҚУШЫЛЫҚ БАЛЛАДАСЫ

*Алматы облысы Балқаш ауданы
Қарой ауылының Үлгілі орта
мектебінде
қазақ әдебиетінен дәріс берген
ұстазым,
марқұм Таутай Әкімбаевтың
рухына бағыштадым*

Бізге өзгелеу көрінетін дара тым,
Таутай ағай ғажап ұстаз болатын.
Арғы-бергі әдебиет тарихын,
Сабақтарда шарлап шығып шолатын.

Айнымайтын ақиқаттан бір өзге,
(Бойға біткен ол да байлық мінез де).
Дайындалмай келсең сол күн сабаққа,
Қатуланып алатұғын лезде.

Таутай ағай,
Бірақ жақсы көретұғын сол ағай,
Ақиқатты ақтарушы ед баладай.
«Үйретеміз, саясат қой солай деп,
Шындық басқа болсадағы қарамай».

Осылай деп тұрар бір сәт ойға қап,
(Оның өзін айтатындар айта алад).
«Құдай жоқ деп айтсам дағы, мен іштей,

Сақта өзің деп тұрам», - дейтін
қайталап.

Таутай ағай, еді-ау біздің қайсар жан,
Сол кезде де айтатынын айта алған.
...Ақиқаттан асқан рас құдай жоқ,
Шындықты айтып әділ сөзді қайтарған.

АЙЛЫ ТҮН

Айлы түн, шашылған жұлдыздар,
Білінбейд(і) тымықтан түнгі ызғар.
Сыйқырың өзінде түн-ару,
Десек те нұр сәуле күндіз бар.

Кетердей жетектеп тұңғиық,
Жатыр бір сыр бүгіп тымпиып.
Ай түскен алыстан жоталар,
Қарайып көрінед тым биік.

Түнгі аспан, түн-қойнау тұңғиық,
Кеудеме толтырған сыр құйып.
Төбемнен жұлдыздар саулайды,
Қаншама десем де тұр биік.

Түн. Айлы түн. Сүттей-ақ.
Осы сәт қойсыншы бітпей-ақ.
Түннің өз сыры мен әні бар,
Мен жүрген әлі де ұқпай-ақ.

Айлы түн, шашылған жұлдыздар,
Білінбейд(і) тымықтан түнгі ызғар.
Сыйқырың өзінде түн-ару,
Десек те нұр сәуле күндіз бар.

БҮГІН, МІНЕ, КӨКТЕМ АЙЫ

Бүгін міне, көктем айы алғашқы,
Мейрімін де, шуағын да мол шашты.
Мезгіл деген алма-кезек осындай,
Көктем болып, өмір болып жалғасты.

Көтеріңкі көңілдерде жаз қонған,
«Көкте-е-м!» , - деп балақай да мәз
болған.
Күткендейін бір ұлы той адамдар,
Жүздерінде шаттық, шуақ, наз толған.

Ерекше бір көктем айы шуақты,
Көктен алып бар сәулені, қуатты.
Алтын күрек желі есіп жібектей,
Шапқылатып жіберетін бұлақты.

Қыстан шыққан арық-тұрақ етейіп,
Мәре-сәре, төл де өседі көбейіп.
Арқа-жарқа көтеріңкі көңілдер,
Жон арқасы жердің мына кеңейіп.

Ұялатып жүректерге шуағын,
Көктем айы – жыл мезгілі туатын.
Жаңбырымен жүзімізді жуатын,
Үйге қайтпай бала ойын қуатын.
Тіршіліктің бар бастауы – ҚУАТЫ!!!

АУЫЛЫМ

Айхай, шіркін, бөлек қой, ауыл деген,
Ауыл деген аңқылдақ қауым көрем.
Құрдастар-ай, тақырда асық атқан,
Жауынменен, бірге өскен дауылменен.

Шыжыған жаз, елемей апта-күнді,
Қарамай ойнаушы ек-ау қатқағыңды..
Қозы-лақты сол балаң санап өскен,
Бес жасында-ақ бар санды жатқа білді.

Еркелетіп, айналып мені өсірген,
Ауылым шығарайын неге есімнен.
Сағынған сәттерімде болмысыңмен,
Көз алдыма ыстық боп келесің сен.

Еліктіріп кетті-ау ғашық қыс айы,
Сезімімді қалай ұстап тұсайын.
Аққұс болып әппақ мынау әлемде,
Қиялыммен шарлап кезіп ұшайын.

Жер де мынау сүттей әппақ, ай жарық,
Ай жарығы келед бұлтты жәй жарып.
...Сол қалымда сіңіп кетсем дүние-ай,
Әппақ түске мен де бір сәт айналып.

ҚАЛАДА ТҰРЫП ЖАТҚАН ҚЫР ҚАЗАҒЫ

Бауыр баспай қалана, бір «ғажабы»,
Қалада тұрып жатқан қыр қазағы,
Сіріңке қорабындай тас үйіне,
Тығылып-ап қыр жайлы жыр жазады

Жусан исі келеді мұрынына,
Жете алмай қойшы атаның құрығына.
Боранның өтінде өскен өндірің-ай,
Торға түскен торғайдай түрі мына

Қырдың қара қазағы белбаласы,
Сағынады ауылын, ен даласын.
Дел-сал болып жүреді түсініксіз,
Ұйқысы таза ауада қанбағасын..

Айдын көлге аққу кеп қонбағасын,
Аязында мұз қарып тоңбағасын.
Қалада тұрып жатқан қыр қазағы,
Әлде не жетпей сосын... қор боласың.

ЖАЗДЫҢ МОНОЛОГЫ

Мені ұмытып кетпеңдер ораламын,
Сұлу қыздай бой түзеп таранамын.
Табиғатым солай ол, ұнатамын,
Ғашық көзбен бар жанның қарағанын.

Жадырадым жайдары шуақ құйып,
Бола алмаймын бұйығы бірақ тұйық.
Сағынып қалмас үшін ей, адамдар,
Менен де бір қалындар сыр ап түйіп.

Оралармын келер жыл сағындырып,
Гүл бәйшешек өңірге тағындырып.
Сылаңдап сұлудайын келгенімде,
Қаларсың сонда адамдар жаның кіріп.
...Кетермін тағы келіп сағындырып.

ТОЛҚЫНДАРЫ ІЛЕНІҢ

Шағылысып күнмен, тұрса егер бір сәт
нұрланып,
Жел тұрса болды шыға келеді
бұрқанып.
Жағаңда сенің отырсам ұзақ ойланып,
Сырлы өзен сұлу сырыңа қайтам бір
қанып.

Сылқ-сылқ күліп, назымен баурап
сиқырлы,
Шолп еткен мөлдір моншақтар өзін
сүйдірді.
Алысқа ұзап барады кетіп тоқтамай,
Кеудеме сазды нұрлы жолдарды
сыйғызып.

Толқынмен толқын, жарыса ойнап
барады,
Оларды сүйіп даланың саумал самалы.
...Толқындары Іленің ойға шомдырып,
Балалық шаққа жетелеп алып барады,
Толқындары Іленің ұрып жағаны.

ШОҢҚАБАЙДЫҢ ЖИДЕСІ

Бір түп жиде Арыстанның* бойында,
Жиде терген кездерім сан ойымда.
Шоңқабай қарт отыратын сол жерде,
Отыратын жаз жайлау ғып ойында.

Бір түп жиде мен мұндалап алыстан,
Ал төменде ағып жатыр Арыстан.
Балалық-ай, асыр салған, алысқан,
Балалықтың ізі қалған таныс маң.

Бір түп жиде, жиде бірақ көп еді,
(Бізге де сол теру үшін керегі).
Бүгін сонау балалықты бір еске ап,
Жиде жегім келіп менің кетеді.

Бір түп жиде. Қара ормандай көрінген,
Сені еске алдым сағыныш бір сезіммен.
Тілді үйірген Шоңқабайдың жидесі,
Айналайын, менің туған жерімнен.

**Іле өзенінің төменгі саласы*

КӨПШІЛБАЙ ҚАРТ

Аты өзіне лайықты қойылған,
Ол қалмайтын жиыныңнан, тойыңнан.
Көк есектен түспейтін бір кісі еді,
Тепеңдетіп деп жүретін: «ой ұрған».

Директордың штатында шабарман,
Шақырды деп, тез келсін деп алар жан.
Оған сот жоқ, есігіне кеңсенің,
Көк есекті байлап қойып доғарған.

Тепең-тепең тыным таппай жүретін,
Бар бала оны аулымыздың білетін.
Көпшілбай қарт айтқан әңгімелермен,
Қиялымыз сол кез өмір сүретін.

Көпшілбай қарт, отбасы жоқ ол қарт-ты
Мына өмірден ұрпақсыз боп жол
тартты.

Қу дүние-ай, тарлық жасап қоятын,
Кең адамға, жасамай-ақ сәл мәрттік!

БІЗДІҢ БАЛАЛЫҚ

Бірінші жыр

Әдейі істеу сол шақ үшін «шарт» бірақ,
Алда отырған қыз бұрымын тартқылап.
Ұстазымнан ескерту ап сан мәрте,
Әй, сонымнан сазайымды тарттым-ақ.

Қою етіп жазу үшін жақсылап,
Дәуітіңе бір сұғайын деп сұрап.
Қаламүшті бір матырып алғанға,
Мәз болатын қайран қамсыз тәтті шақ.

Ала қашып кейде дәптер, қаламын,
Құрбы қыздың «ашуына» қалатын.
Ойлап тұрсаң соның бәрі ойпыр-ау,
Ойламастан, балалықпен болатын.

Екінші жыр

Ләңгі жасап алатынбыз тиыннан,
Ортасына қылды өткізіп қиылған.
Асықтарды тігіп қойып тақырға,
Сомпайыңды есінде ме шиырған.

Шиыр-шиыр жолдар салып, із қылып,
Дөңгелекті жүруші едік ызғытып.
Ал, ойында дым жоқ ойын баласы,

Алаңдатпаушы еді ғой сол бізді түк.

«Соғыс» ойнап, шабырға да кіріб ап,
Бірі «өліп», бірі сосын «тірі» қап.
Шығушы едік, «біз жеңдік» деп уралап,
Қазған «окоптарымыздан» тұрыб ап.

Қара майды сағыз қылып шайнаңдап,
О, балалық, соған да біз қайран қап.
Бақшасына түсіп көрші-қолаңның,
Көктей үзген түйнектерді айтам дәп.
...Қайран біздің балалық-ай, сайран бақ.
5.10.2015 ж.

Үшінші жыр

Шыңылтыр аяз, шымшылап бетгі
қызартып,
Біз болсақ енді ойынды тіпті ұзартып.
Тебетін коньки мұз бетін ойхой,
айғыздап,
Жазыңнан тіпті қыс айы еді жүз артық.

Сырғанақ жасап, төбеден төмен
зымырап,
Жарысушы едік, шананың екі ізі қап.
Түн жарымына дейін үйге де кірмей
оюшы ек,

Тоңғанымызды да білдірмей біздер,
қызық-ақ.

Ауылдың бүкіл жиналып алып қыз-ұлы,
Атысып қармен, бір-бірімізді жүз ұрып.
Аязында да шуласып біздер жатушы ек,
Қыс айының да өзінше еді қызығы.

22.10.2015 ж.

Төртінші жыр

Шатыр-шұтыр, жарқ-жұрқ етіп кеңістік,
Аспан көгі айрылардай кейіс қып.
Қайда барып білмей тығыларыңды,
Жап-жарық боп кеткенде жер тегіс түк.

Аспан түбі тесілгендей, ақтара-ай,
Құятын кеп, нөсер жаңбыр тоқтамай.
...Сол жауынның астында бір жүгіріп,
Бала кезді бір еске алса-ау, әттең-ай!!!
19.10.2015 ж.

Бесінші жыр

Компьютер жоқ, айпатың да, айфоның,
Болмағаны жақсы болған, ай соның.
Бір жақ жағын трактордың көтерген,
Қуан ағам еді нағыз Тайсоның.

Телевизор деген де ол кез жоқ еді,
Жаңғыз тыңдар – патефонның әні еді.
Мультфильмдер түсімізге кірмейтін,
Нағашы атам ертегісі ед керегі.

Далада өстік, далада ойнап, жел қағып,
Әке-шешем өмір бойы мал бағып.
Дала әуені күмбірлеген кеудемде,
Сол кездерден қалған шығар мол дарып.

Алтыншы жыр

Каникулда жатпай-ақ көп кешігіп,
Жазғы науқан - кетуші едік шөпке
шығып.
Шып-шып ағып маңдайдан теріміз де,
Деп жатушы ед үлкендер: «кетті
ысылып».

Таңсәріден таласа тұрып алып,
Күннің шыққан алғашқы нұры малып.
Қаршадайдан серік боп қара жұмыс,
Едік қой еңбек десе «ірі» халық.

Қызыл іңір болғанша қайтпаушы едік,
Шаршадық деген сөзді айтпаушы едік.
Көрігінде еңбектің суарылып,
Орындалып жатушы ед айтқан серт!!!

Жетінші жыр

Жүр дер еді жауында «есер» неғып,
Тұрғанда көктен құйып нөсерлетіп.
Балақты түріп алып, ойхой дүние-ай,
Сол шақты бастан бір сәт кешер ме
едік!!!

Аспан жерге айналып түсетіндей,
Құмыңда жұмыртқа да пісетіндей.
Қыздырып табаныңды шағыл құмға,
Жүретін шып-шып терлеп күш еді не
ей.

Қайық жасап құрақтан жарыстырып,
Өзен бойлап кетуші ек «намыс» буып.
...Мезгіл заңы - айналған сағынышқа,
Сол дәурен, таныс мінез, таныс қылық.
4.11.2014 жыл

ТУҒАН ЖЕРДЕ

Шомылдырып Таскөпір суы мына,
Қарап жатпай күмп бердім суығына.
Қарсы ап жатыр, құдай-ау ән сап жатыр,
Майысқан желмен қамыс шуылы да.

«Бесінші ауыл» десем де сол баяғы,
Көре алмадым қоян жон сол маяны.
Исабектің үйі жоқ шеттегі анау,
Бала күнгі жоқ менің Жолдаяғым.

Бәрі таныс, көзге оттай басылады,
Тартылысы туған жер - осы дағы.
Туған жердің керемет көкжиегі,
Көкжиегі қол бұлғап ашылады.

Сағыныш жыр шашу боп шашылады,
«Қарой назы» жүректің асыл әні.
Аунап-қунап төрінде алайыншы,
Сөйтсем ғана сағыныш басылады.

Серуендеп Нарынның жағасында,
Кеңейеді тынысым, нанасың ба.
...Туған жерім өзіңнің құшағында,
Осындай бір күй кешем жарасымда.

БАЛҚАШЫМ

Айдын көлі қиялға ерік берген,
Даласынан шұбаған елік көргем.
Жыртылып айырылған қаз-үйрегі,
Аң-құсы көркіне көрік берген.

Бұйрат белдер, селеулі бетегелер,
Ән салған шағыл құмды, о, төбелер.
Сепсе бүрлі, сабырдың тәңіріндей,
Сексеуілдер шөлде де өне берер.

Қайшылаған құлағын шоқ қамыстар,
Сол жерде өмір сүрген нақ барыстар.
Мауқымды басамын аунап-қунап,
Сағынып келсем саған қатты алыстан.

Балқашым, кең пейілді телегейім,
Телегейім, мақтаныш, о, мерейім.
Ілестіріп толқынға қиялымды,
Сезімге шырын тәтті бөленейін.

ЕЛ ІІІ

Дауылтай әжем құшақтап,
Бөлем келді деп жатыр.
Сәрсенбайдың Қалиы,
Бекәділсің бе деп ол да тұр.

Қарадомалақ бауырлар,
Мойныма келіп асылған.
Иіскеп жатырмын маңдайдан,
Басынан, кекіл шашынан.

Құлдыраңдаған құлындар,
Желбіреген тұлымдар.
Көкетайлап осылай,
Әрқашанда тұрыңдар.

Жан досым келді Рәтбек,
Айсара ол да қасында.
Батыл да келді, Амантай,
Сағынып қалған-ау, бәрі расында.

Ерәділ бауырым үйінде,
Жатырмын аунап-қунап мен.
Құдалар да осында,
Ойын-әзіл, қалжың-сауықпен.

Немере інім Қаһар да,
Байыз таппай болар ма.

Шақырып жатыр қонаққа,
Шақырып жатыр олар да,

Шынәділ ағам ол да мәз,
Достарын жинап әкеліп.
Думанға толды үй-іші,
Тост-тілек айтып көтеріп.

Арудай сұлу реңі,
Суына түсіп Іленің.
Тапқандай болам рахат,
Жандауаның бір емін.

Саумалы қандай самалы,
Самалы сәнді ән салады.
Жағасындағы жасыл тал,
Еске алад өрім баланы.

...Ел іші - алтын бесігім,
Тербетті мені осылай.
Сағынып келіп саяқ ұл,
Мауқын бір басты, досым-ай!!!

ҰЛЫ ТҰЛҒА

Алматы облысы Балқаш ауданы
Бақанас аулында
Дінмұхамед Қонаев ескерткіші
ашылды деп алғаш естігендегі сезім

Бір кездері жер жарса да атағың,
Еленбей қап жанға сыздап бататын.
Бақанаста бой көрсетіп тас тұғыр,
Өр рухы асқақтады атаның.

Димаш ата, халқы үшін бір туар,
Деп жүруші ек жақсы сондай күн туар.
Еленбеуі мүмкін емес Ұлы ердің,
Артында оның сүйген халқы, ұлты бар.

Кезі келіп, сәтте соғар ай, күні,
Қапшағай да Қонаев боп әй, түбі,
Облыстың орталығы атанды.
Асқақтай бер Ер есімі, айбыны!!!
22.06.2022ж.

Ескі жұртта жатқан бір таяқ көрсем,
Әкемнің бишігі ме деп қаламын.
Ескі жұрттан бір ыдыс-аяқ көрсем,
Анамның қазаны деп оқталамын.

Тұрам бір сәт түсіріп еске бәрін,
Анамның сипағанын маңдайымнан.
Пісірген исі қандай пешке наны,
Дәмі тәтті сезіліп таңдайымнан.

Сағынып бәрін-бәрін кетем сосын,
Көз алдыма елестеп таныс шағым.
Айналады өндіріш шак өлеңге шын,
Арман бір аралдардай алыс сағым!!!
15.11.2014 жыл

АУЫЛЫМДЫ КӨРЕМ ЖИІ ТҮСІМДЕ

Ауылымды көрем жиі түсімде,
Борпылдаған жүрем шаңның ішінде.
Сол кездерді жақсы көрем, қимаймын,
Шалалық бар, балалық бар ісінде.

Көзге елестеп таныс ауыл, таныс маң,
Ойнап күлген кездеріміз, алысқан.
Бантик байлап алған сол бір қыз болып,
Балалығым қол бұлғайды алыстан.

Сыңғырлаған естіледі үндер мың,
Ей, уақыт, ұмыттырдың кімдерді.
Анашымның ыстық бауырсағы боп,
Дәмі келед сол бір тәтті күндердің.

Қой қайырып жүрген сәтін әкемнің,
Мен үнемі көз алдыға әкелдім.
...Суреттерін туған жердің, ауылдың,
Ешқашанда ұмыта алмайд екенмін!!!
16.01.2015 жыл

III. ТІЛЕЙТІНІМ ЖҰМЫР ЖЕР, АМАНДЫҒЫҢ!

*Көтергендей зіл батпан жаһан жүгін,
Ойлаумен өтер, әрбір алаң күнім.
Тірімде әр сәт сайын тілейтінім,
Жұмыр жер сенің мына амандығың!!!*

Тауы, тасы, өзен-көл, айналаның,
Бәрін, бәрін құшаққа ап айналамын.
Туған жерім – жұмыр жер ортақ мекен,
Қалай ғана тыншып мен жайланамын.

Шөгір кірсе табанға, бүкіл денең,
Ауырып, жүрегің де лүпілдеген.
Жершарын да сондай бір ағзадайын,
Тұтас бір жаратылған бүтін көрем.

Жолаушыдай ішінде бір кеменің,
Жаным да бәріменен бірге менің.
Жасасам адамзатпен бірге жасап,
Өлсем де бәріменен бір көремін.

Көтергендей зіл батпан жаһан жүгін,
Ойлаумен өтер әрбір алаң күнім.
Тірімде әр сәт сайын тілейтінім,
Жұмыр жер сенің мына амандығың!!!
02.08.21ж.

АРБАУЛАРҒА АЛДАНЫП ТҰР МЫНА ӘЛЕМ

Әлем мына арбауларға иланып,
Көз ашпай тұр алдаулардан қиналып.
Сайқалданып алған әккі адамың,
Біле алмайсың тұрғанын не ұйғарып.

Билік үшін, мансап үшін, тақ үшін,
Тайынбайды түгелінен - бәрі шын.
Қарынымен жан сақтап жүр тоғышар,
Көктиындық оған салса намысың.

Бекзаттық та, асыл қайран болмыс та,
Атойлап бір көрінетін әр тұста,
Айырбасқа түсіп кетіп ақшамен,
Жеңе алмай тұр, жеңе алмай тұр
тартыста.

06.03.21ж.

О, ЖЕР-АНА!

О, жер-ана кешір мына балаңды,
Тағдырыңа туғаннан ол алаң-ды.
Сүйіп келем, сүйіп және өтемін,
Сүйгенімдей туған алтын анамды.

О, жер-ана кешір мына балаңды,
Сүйіп келем шексіз мына даламды.
Сен де жақсы көрдің деп мен білемін,
О, өзіңнің төл перзентің – АДАМДЫ.

Ал бүгін ше, жерім бүгін таланды,
Кұртамын деп жан алғыштар жаланды.
Жатырсың-ау терең бүгін күрсініп,
Соғыстардан жаза алмай жараңды.

Етсем дейді өзіңді қараңғы,
Түнек етіп, жерді мына ғаламды.
Атом деген қару жасап алып ап,
Сан-саққа жібереді санаңды.

Адамдардың істері үшін қатерлі,
Беу, жер-ана бар салмақты көтердің.
Өкпең сенің шұрық-шұрық тесіліп,
Көк түтіннен күрк-күрк етіп жөтелдің.

Істері үшін тым қатыгез адамның,
Зардап шегіп жатқаныңа алаңмын.

Шыр-пыр етіп өлеңіммен жар салып,
Ара іздеймін күшіменен қаламның

.

Қобалжимын, тағдырыңа алаңмың,
Өйкені мен, өйткені мен –
БАЛАҢМЫН.

О, ЖЕР-АНА кешіре гөр,
ҚАТЫГЕЗДІГІН,
Өз перзентің, төл перзентің –
АДАМНЫҢ.

09.11.2022ж.

ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

Дүние жарық, жарығым,
Сыйлаған маған Тәңірім.
Сәулеңменен тек сенің,
Жан-жағымды таныдым.

Дүние жарық, жарығым,
Шүкір соған барының.
Талай келіп, кетер-ау,
Мен сияқты әлі мың.

Дүние жарық, жарығым,
Нұр сәулесіз – бәрі мұң.
Керегі не өмірдің,
Керегі не барының.
Бар бол, сәнбе – ЖАРЫҒЫМ!!!
28.03.22ж.

ВИКТОР ХАРА

Сантьяго қаралы,
Виктор Хара,
Соңғы әнін салады
Соңғы ән жаралы,
Үзіліп барады.
Виктор Хара,
Құлаған жоқ әлі.
Қаралы, жаралы,
О, Чили аралы!
Әнші ұлың, жыршы ұлың,
Көз жұмып барады.
Тапталды гитара,
Кесілді алтын саусақтар.
Соңғы рет, соңғы рет,
Ей, жүрек ән сап қал!
...Айтады әніңді ұрпағың,
Еске алып ұлыңды өзіңдей.
Чилидің күтіп нұр таңын,
Қайран ер күрескен көз ілмей!
1980 жыл

АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ

Жаманат хабар, жаманат,
Тағы да жетті қазаны ап.
Жүректерді жаралап,
Қандай суық таралат.

Адамзаттың Айтматовы
Өлді деуге сенем бе?
Пендеміз ғой жұмыр басты,
Көнбегенде шара не.

Өтті дейді дүниеден,
Өтті дейді ҰЛЫ АДАМ.
Өтті дейді Шыңғыс аға,
Адамзаттың амандығын сұраған.

Тау құлады, Ұлы алып тау!
Опырылды бір биік!
Не істерсің, беу, дүние,
Ажал тұрса қылқиып.

Түркі әлемі мақтан тұтар,
Асыл Ұлы, Айбыны.
Енді қырғыз сендей ұлды,
Туар екен қай күні.
17.06.2008 жыл

ҚАРАЛЫ ТҮН

2015 жылғы 14 қараша түнінде әлем мәдениеті мен тарихының ошағы Франция астанасы Парижде бір уақытта қаланың әр жерінде аса қатыгездікпен жасалған лаңкестік шабуылдан жазықсыз 132 бейбіт тұрғын оның құрбанына айналып, сандаған адамдар ауыр жараланды. Қарт Париж қайғы жұтып қалды.

Лувр мұражайы мен
Эйфель мұнарасы да.
Сөніп оты. Қайғырды ел,
Тынып іштей, жосыла.

Әдемі еді сол кеш те,
Париж. Қызыл іңір де.
Елең етті сенбестей,
Төрткүл дүние дүбірге.

Не болғанын білмеді,
Франция Ұлы елі.
Күндегі өмір дүрмегі,
Уылжып ақ тұр еді.

Лаңкестер жанкешті,
Жосадай ғып халықты.
Қанға бояп сол кешті,

Адамзатты налытты.

Мұндай ауыр қайғыны,
Бұрын-соңды көрмепті.
Франция-ай, мұңлы,
Дүрліктірген жер-көкті.

Бар адамзат абдырап,
Ортақтасты қайғыға.
Көкейлерде бар сұрақ:
Жауызға адам айналып,
Тура жолдан тайды ма??!
15.11.2015 жыл

Арайланып атты таңның дидары,
Аллам маған тағы бір күн сыйлады.
Тәуба, шүкір, пендесі үшін жұмыр бас,
Тәңірімнің тағы бір күн қиғаны.

Қайырлы таң! Тәтті уыздай жана күн,
Жаңа күнім бастамалар жаңа тың.
Жаңа үміт боп, армандар боп жанатын,
О, күндерім алға сүйреп баратын.

Таңмен атқан күндерменен алға оздым,
Өмір деген арғымағы ол - боздың.
Мақсаттарым биіктерге жетелеп,
Келешекке, келер күнге қол создым.
15.12.2015 жыл

ЕЙ, АДАМДАР-АУ

Мен жаңғыз өмір сүргем жоқ,
Мен сүрдім өмір сендермен.
Сендерсіз күлгем, жүргем жоқ,
Ей, адамдар-ау, көзкөрген.

Қуанышым да ортақ сендермен,
Қайғым да ортақ болды енді.
Өзімше ойды тергенмен,
Құпиялайын мен немді.

Арналып бәрі өзіңе,
Жазылды өмір жырлары.
Назар қойғайсың сөзіме,
Айтқаны ғой деп – сырлары.
25.10.2015 ж.

АҚША ПАТШАЛЫҚ

Ақша патшалық,
Бәрін билеп басқарып.
Нағыз құдірет дегенің,
Алдында оның жасқанып...

Алып қойып төрді де,
Тандатқызып көрді де.
Оған құлдық ұрмаған,
Қалды екен енді не?!!

Дана болсын басы алтын,
Ақша алдында осал тым.
Ақшаң болса апталып,
Мүсін де боп қашалдың.

«Шаш ал» десе шаш алды,
«Бас ал» десе бас алды.
Дүниедегі жасанды,
Бар сонымен жасалды.

Ақша патшалық,
Тұр бәрін басқарып.
Онсыз сөз де өтпейді,
Құның шақшалық.
Ақша патшалық.
29.03.22ж.

Түбінде бір ашыларын білсек те,
Ақиқаттың бір шекте.
Өтірік біз сөйлеп осы көлгірсіп,
Өтірік біз күлеміз-ай күлсек те.

Ағаттықты демесек те ой, құпта,
Дер кезінде қате жолдан қайттық па,
Бәрі жалған болғаннан соң өмірде,
Бұл жалған деп сосын бәлкім айттық па,

Мың бір сыры бар десек те ғаламның,
Табиғаты қызық осы адамның.
Қабілетіне қайран осы болам мың,
Қатыгездігін ойлап осы алаңмын.
24.12.20ж.

БӘРІҢМЕН ДЕ БІРГЕМІН

Мысқылдамай, тұспалдамай тік айтшы,
Менің мына жоғым менен барымды.
Жақсы сөзбен жарым ырыс құтайтшы,
Менің мына мұңлы-шерлі жанымды.

Ойламаңдар оқ атуды сыртымнан,
Тағдыр шіркін онсыз да алған
ырқымнан.
Алды анамды, әкемді алды ертерек,
Екі ағамды, жеңгемді де бір туған.

Тағдыр жолы болды қиын бұралаң,
Десем дағы қасқайып мен тұра алам.
...Демеп сендер келе жатсың өмірде,
Бәріңмен де біргемін мен Ұла Адам!!!

АДАСПАҢДАР, АДАМДАР!!!

Жерлікпіз, жерлестерміз, жерліктерміз,
Жер үстінде тірлікті өрбіткенбіз.
Жасампаздық ғаламат жасау үшін,
Жаралғанбыз өр рух, ерліктен біз.

Жерлікпіз, Жердің бетін тұрақ еткен,
Ұлылықты паш етіп ұран еткен.
Кешегі өткен өмірден ер бабалар,
Тәңірден, Жер саулығын сұрап өткен.

Өмір сүріп, сол жерден тұрақ тауып,
Кимеген қорғанам деп бірақ сауыт.
Адам ек, болашағы бір алаңсыз,
Тұр бүгін алдымызда сұрақ қауіп,

Өзінің ақылымен жасап алып,
Қатерді өз-өзіне аса қауіп,
Тұр бүгін Жер-Ана да мазаланып,
Адамның бұл ісіне назаланып.

Райынан қайта ма, қаһарынан,
Баса ма әлде жерімді қара тұман.
Адамның бүгінгі ісі жасап жатқан,
Тудырады сенімсіз, аса күман.

Жерде туып, сол жерде жаратылған,
Ей, адамдар адаспа, бол ақылман!

Жер-ана айрылмасын жәннатынан,
Жер-ана айрылмасын ана атынан!!!
17.11.22ж.

IV. ӨТКЕН КҮНДЕР ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІК

*Не бітірдік, мына өмірде не істедік,
Жатад екен өз-өзінен екшеліп,
Өтіп кеткен өміріңнің барлығы,
Ми-Жадында жазылған ол – ЕСТЕЛІК*

ЕСТЕЛІК

Ескермей қап, кейде, бірін ескеріп,
Әдемі ойлар жатад кейде кеш келіп.
Бір өкініш, бір үміттен құралып,
Қалад екен болып бәрі естелік.

Бір жақсыны, өкінішті, кеш көріп,
Бір жақсылық, өкінішті, кеш келіп.
Бір орнында тұрмайды екен уақыт,
Бүгін бәрі қарап тұрсаң - естелік.

Не бітірдік, мына өмірде не істедік,
Қалмады деп айта алмаймыз есте тұқ.
Сері дәурен құрған кез де, бәрі есте,
Үйге де сан жүруші едік кеш келіп.

Өмір деген мәңгі тұрмас - көш көлік,
Талай-талай армандар да өшті өліп.
Оралмайды екен бәрі өткеннің,
Қайтып келмейд екен рас кештер ұқ.

Не бітірдік, мына өмірде не істедік,
Жатад екен өз-өзінен екшеліп,
Өтіп кеткен өміріңнің барлығы,
Ми-Жадында жазылған ол – ЕСТЕЛІК.
04.02.22ж.

ҚОЙҒАН ЖОҚ КӨЗ АЛДЫДАН
ҰМЫТ БОЛА

Сыңарым Ерәділге

Оңашада өткеннен ой тіземін,
Тел емген бір ананы егіз едім.
Біреуімізді арқаға таңып алып,
Біреуімізді қолына ап емізетін.

Сөйтіп жүріп бірінші сыныпқа да,
Бардық, туыс мәз болды: «жігіт, кара»!
Соның бәрі күні бір кешегідей,
Қойған жоқ көз алдыдан ұмыт бола.

Өтіп жатты күндер-ай тоғызда едік,
Қатар өскен қарақат егіз бөрік.
Дәл сол жылы өзіңнен біз айрылып,
Алақаныңды анам-ай көп іздедік.

Күндер ме, көрінетін бөтен енді,
Көтеретін көбісін әке болды.
Өзіңді іздеп біз талай мұздап-тоңдық,
Қу тағдыр-ай, қайғың да жетер молдық.

АҚЫНМЕН СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

Ақын Тұрсын Жұмаишқа

«Мені де өлім әлдиле»,
Өлеңін оқып Мағжанның,-
«Осылай өлсе арман не?»,
Сөзіңе іштей таң қалдым.

Сездің бе екен қалғанын,
Өміріңнің тым қысқа,
Қимадың ба екен әлде ақын
Жарығын мынау жалғанның,

Сол күні маған өзгеше,
Өзгеше бөлек көріндің,
Көріндің сол сәт тым асқақ,
Болдың сен бөлек көңілді.

Содан соң үш күн өткенде,
Уақыт қалай деп демде,
«Мөлдір шыны кір басқан»
Тәрк еттің дастан өмірді.

Жарық дүние қас-қағым,
Үлгермейсің байқай да.
Ақиқаттан аспайсың,
Мейлі қанша айқайла..

Ақын өтті өмірдің,

Жалғандығын дәлелдеп..
Сөздері қалды айтылмай,
Айтылмай талай таңдайда?!

АНА, СЕНІ ІЗДЕДІМ

Бала кезден сезіп өстім күз демін,
Өмірдің көп бастан кештім тізбегін.
Бір мейірім жетпей маған үнемі,
Ана, сені іздедім.

Ақ селеуді көрген кезде түздегі,
Сағынышым бал-бұл жанып жүздегі.
Ақ жаулығың көз алдыма елестеп,
Ана, сені іздедім.

«Анашым» деп біреу жатса еркелеп,
«Болды екен неге өмірің келте» деп,
Өзегімді өртеді бір өкініш,
Айырылып қалдым- ау деп ертерек.

...Түгендеумен мына өмірдің жүз кемін,
Қарсы ағысқа қасқайып та жүзгемін.
Өзім әке болсам дағы, әлі күн,
Ана, сені іздедім.

САҒЫНЫШ АЙНАЛАДЫ ӨЛЕҢІМЕ

*48 жасында өмірден өткен жан ағам
Жанәділдің рухына бағыштадым*

Өмірде ойна да күл, шапқыла да,
Десек те кейде тағдыр қатқыл о да.
«Бауырымдап» біз қалдық жай
түскендей,
Елуге де келместен өттің, аға.

...Анамыздан айрылып жасымыздан,
Қиындық түскен кезде басымызға.
Ауырлықтың үлкенін көтеріб ап,
Ақылшымыз болып ең қасымызда.

Біз өзіңді өсіп ек арқа тұтып,
Өмір деген осылай тарқатылып.
Жақсылық жасағысы келіп тұрар,
Жаны жайсаң жан ең-ау арда тұнық.

Қамқоршы едің жақынға, бауырға да,
Төзімді едің қиындық, ауырға да.
Тым жастай-ақ еңбекке араласып,
Сыйлы болдың ауылың, қауымға да.

Құлындарды жүргенде жеткізем деп,
Сырқатың кетті ме екен әлде дендеп.
Ойсырап орның қалды ортамызда,

Айта жүрер жан ең ғой, тектіден деп.

...Шара бар ма ажалдың дегеніне,
Көнесің ақиқаттың дерегіне.
Көңілге өксік, ал көзге жас тығылып,
Сағыныш айналады өлеңіме.

АРНАУ

*Журналист, ақын, әуесқой композитор,
Қазақстан Республикасының, Іле
ауданының құрметті азаматы
ағам Шынәділ Мұқанұлының
70-жылдық мерейтойына арнап
жазылған*

Тектілікпен талайды тәнті қылған,
Жаратылысы бөлектеу, жалқы тұлғаң.
Елі үшін аянбай қызмет еткен,
Айналады өзіндей халқың, ұлдан.

Парасатыңмен қашанда биік тұлғаң,
Бар қасиетті бойына жиып туған.
Сондықтанда алдыңда үлкен-кіші,
Туған-туыс бастарын иіп тұрған.

Өмірің де ол өткен тұр-ау жарқын,
Орда бұзып отызда «құрауладың».
Бір ауданның басқарып баспасөзін,
Мәдениетін басқарып бір ауданның.

Кәсіптің де алғаш боп көзін тауып,
Сол арқылы жаңа бір «өзін» тауып.
Туа біткен қанменен қалмайды екен,
Жырларың да ол қалмай жазылды ауық.

Уақытыңды өзіңнің аямадың,

Бақытын шәкірттердің аяладың.
Ұлағатты ұстаз боп еңбек етіп,
Білмей қалдың зейнет жас таяғанын.

Серік етіп жырыңды, қаламыңды,
Елге арнап келесің бар әніңді.
Көсемсөзші, һәм ақын, сазгер деген,
Ардақтайды бұл күнде дара атыңды.

Өмірден ала біліп бар керегін,
Бақытты өмір сүрген жан дер едім.
Құрметті атақтар лайықты,
Лайықты өмірдің ол - төлемі.

Немереге ата боп, ұлы асқақ,
Даналықты жырыңмен жиі нұсқап,
Жетпісте да еңсеңіз еңкеймесін,
Адамдықтың ақ туын биік ұстап!!!
26.X1.20ж.

ЕРТЕ ТҮСТІ КҮЗ БИЫЛ

Қима мейлі, жаз айына жүз қиыл,
Ерте түсті күз биыл.
Жауынымен тұрып алды сілбітіп,
Сұп-сұр болып аспан көк те, түз, қиыр.

Жаз да кетті қимай-қимай, бергісіз,
Ерте келген күз не берер белгісіз.
Мазалайды бір салқындық жанымды,
Сенгім келмейд... сенгісіз...
5.09.2018ж.

КЕУДЕМДЕ БІР ЖАНҒАН ОТ ШӨЛДЕТЕДІ

Өлеңсіз-ақ сүрсем-ау, нем кетеді,
Өлермендік ойым жоқ менде тегі.
Жазбай-ақ қояйыншы десем осы,
Кеудемде бір жанған от шөлдетеді.

Мұңым артық, бәрінен қайғым артық,
Ақындыққа жүргем жоқ жай құмартып.
Дүниенің бар мынау тауқыметін,
Қойғандайын дәл менің мойныма
артып.

21.02.20ж.

ТУҒАН КҮН

Терезе аштым, шықылықтайд торғай да,
Торғай, торғай ол да әнін арнай ма.
Туған күнім, табиғатпен ол егіз,
Үйлеспесе, жарасымы болмайды, ә!

Күн де шығып, арайланып төгіп нұр,
Тұрғандай-ақ құттықтағысы келіп бір.
Аспаным ол самаладай саф ашық,
Құдай маған бүгін бәрін беріп тұр.

Құттықтауда туыс, достар, жақын да,
(Қуануға, мен де пенде, хақым бар)
Бақыттан бас айналад, беу өмір,.
...Туған күнім, тамаша күн, расында!
1.04.2014 ж.

МҰҢ

Бірдеме жетпейтіндей бұл жаныма,
Отырамын ұйқысыз түн жамыла.
Әкем кетті, өмірден шешем кетті,
Екі ағамды ол алып тынбады ма.

Келер күндер құдай-ау не береді,
Сүйгізе алармысың немерені.
Желігің басылмайтын о, жалған-ай,
Қоздырған қу тірлік-ай делебені.

Тағы да сәл бірдеме жетпей қалып,
Түлкі үміт теріс қарап кетті айналып.
Әр сәтсіздік үшін мен өмірдегі,
Мұңға батып отырам қатты ойланып.
27.07.1997ж.

УАҚЫТ – У ДЕНЕМЕ ДЕНДЕП ЕНІП

Уақыт - у денеме дендеп еніп,
Дәрменім қалмай барад емделерлік.
Жігерім жасып әлде қалғаның ба,
Асаудай бермеуші-ең ау сен де ерік.

Уақыт – у денеме дарып еніп
Бойымдағы барады бары кеміп.
Алаулаған бір кезде жалын едік,
Қызды ауылға қырындап барып едік,
...Бәрі де өтіп барады, бәрі де өтіп.

ОСЫЛАЙ БІР ӨЗ-ӨЗІМЕ МҰҢ АРТЫП

Көңіл кейде өз-өзінен құлазып,
Жанға таппай демеу болар бір азық.
Ештеңеге зауқың соқпай қояды,
Қоғамың да, адамың да тұр азып.

Қызықтырмай дүрмегі де өмірдің,
Басып алар ауыр ойлар, не бір мұң.
Енді қайтып көрмеймін-ау деп ойлап,
Жақынымды жоғалтып ап өкіндім.

Қолым қысқа болғандықтан соза алмай,
Уақыттың дәрменсіз ғып өзі алдай.
Жақыныма жақсылық жасай алмадым-
ау деп,
Жоқтығыма кейіп кетем, ой, алла-ай.

Осылай бір өз-өзіме мұң артып,
Ауыр ойлар еңсе басып, жүк артық.
Өз-өзіме отырамын келе алмай,
Жан дүниемді бір кем дүние жұқартып.
7.10.2015 ж.

БАЛА КЕЗДІҢ ДОСТАРЫ

Бала кездің, мөлдір кездің достары,
Тағдыр бізді жүруге бір қоспады.
Иыр-шиыр өмір жолы сан тарау,
Әр қиырға бәрімізді ап бастады.

Күндер, айлар, зулап алға жыл өтті,
Түгіндерін өзінше әркім түтетті.
...Жерортасы жасқа келіп қалыппыз,
Сағынышқа бөлеп әр кез жүректі.

Немерелі болып бірі, әкелі,
Өмір жайлы айтад сырды әдемі.
Ешбірінің қалғысы жоқ қызықтан,
Енді бірі шөбереден дәмелі.

Қайран көңіл екен ылғый көш жерде,
Бала достар көңілдерден өшкен бе.
...Табиғаты қызық екен адамның,
Бала күнді аңсайды екен өскенде,
Оңашада ойлар бір сәт кешке.

ЕКІ АЙҒА ТОЛДЫ ӘДІЛЖАН

Жиеніме

Айналайын атыңнан,
Екі айға толдың Әділжан.
Бол көсемі қазақтың,
Алашқа бол ақылман.

Әй-әй, әй-әй , жылама,
Әй-әй, әй-әй, құлыным.
Шапқылап жүр жігіт боп,
Желбіреп өсіп тұлымың.

Қырықтан асып, елудің ашып парағын,
Қарсы алдым, міне, тұрғыны болып
қаланың.

Ойланып мынау, белеске бүгін
қарадым,
Қалаға әкеп, иісін дархан даланың.

Қоныстанып жатырмын 50 аулына,
Қараймын 50, қандай деп мынау
қаумына.

50-ге келген, 50-ден асқан адамдар,
Ауылың қандай, қауымың қандай, ау,
мына?!!

Қалаңда тұрар ауылдық болып қаламын,
Ауылды айтуға бұра береді қаламым.
Бәрібір де жусанын иіскеу үшін мен,
Барып тұрамын, ауылға жиі барамын.

Шомылу үшін, жүзу үшін мен
құлаштап,
Айдын көліңе барамын, маған сыр
ашпақ.
Сағынтып мені өзіңе тартып тұратын,
Туған жерім – тұғырым болып тұр
асқақ.

НЕМЕРЕМ КӘМИЛАҒА

Бар қызыққа тойған ба фәниде адам,
Келді өмірге немерем Кәмилажан.
Құтты болсын қадамың құлыншағым,
Ұзақ болсын өмірің, болып аман!

Амандығын тілейтін бар адамның,
Ақындығын, иә, берсін Саралардың.
Домалақ ана, Айғаным, Айша бибі,
Ақылын, берсін саған даналардың.

Майра, Күләш, Бибігүл асылдардай,
Жез таңдай әнші болшы, даусың балдай.
Дина апандай дәулескер күйші болшы,
Қарашаш, Гүлбаршындай ақылың
болғай.

Шара апандай өнерімен даңқы қалған,
Бишілікті күтсінші халқың алдан.
Кім болсаң да, ғұмырлы аман болып,
Өмірден сыбағаңды алшы, ботам!!!

КӨБЕЛЕККЕ МҰҢ ШАҒУ

Мұңымды шақтым көбелек, мұңымды
шақтым,
Құйттай ғана белгісі құлынды шақтың.
Өзіңді қуып ойнаған сайларым менің,
Бала күнім қайдасың, бұрынғы шат күн.

Ұстаймын деп сай-сайда әуреге түсіп,
Әуреге түсіп жататын, дәурен-ай
пысық».
Басып қалып, мәз болып аламын дей
берсем,
Көбелегім-ау кететін қайтадан ұшып.

Ақ, сары, қызыл, көк, қара қаптап
кететін,
Тікенегіңе де қарамай таптап кететін.
Базарлы балдай шіркін-ау, қайдасың сол
күн,
Көбелек қуған көп сайда, бақ-бақ
мекенім.

КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢІМ

Кеше, Бүгін, Ертеңім,
Бар тағдырым ол менің.
Өмір деген – Сағыныш,
Өмір деген – Ерке күн.

Өмір деген – Іңкәрім,
Өмір деген – Жылдарым.
Өмір деген – Жанжарым,
Қыздарым мен Ұлдарым.

Өмір Шаттық – жиі ұқтым,
Немерелер – Сүйіктім.
Мен өмірді құмартып,
Беу, содан да сүйіппін.

УАҚЫТ УЫСЫНДА

Отыз жасым көзілдірік кигізіп,
Бурыл тартты шаш қырықта - сый
қызық.

Өмір-өмір келе жатсың бәрін де,
Уақыттың уысына сыйғызып.

Қандай күндер алдан тағы тұр күтіп,
Қорқыта ма үмітімді үркітіп.
Жібере ме жылдар атты ағыстың,
Бір күн мені иіріміне сүңгітіп.

Тура келген тағдырыма көндіктім,
Өмір деген мен үстінде ендіктің.
Өмір, өмір, шын мәніңді – бар сырым,
Қырық жастан аса бере енді ұқтым.
1996ж.

ЖАН ЕДІҢ СЕМСЕР, СЕРІ ДЕР

Ағам Зекеннің рухына
Өлеңнің маздап отындай,
Жүруші ең аға жалындап.
Қатыгез ажал ақырында,
Алып кетті, жырың қап..

Ән айтсаң елді ұйытып,
Ән-әуез тербеп кететін.
Күй тартсаң аға, тылсым бак,
Төңірек саған елітетін.

Аузыңды ашсаң жүрегің,
Аңқылдақ еді көрінер.
Өкініш жанды тіледі,
Жан едің семсер, сері дер.

Көңілің өзге жаз еді,
Жаз еді кімге болса да.
Сәбидей көңлің таза еді,
Таза еді аға, соншама.

Жырыңмен кеттің түп-тұнық,
Өмірдің сырын ұқтырып.
...Еске алып кейде отырам,
Жанарда мөлдір шық тұнып.

СҰРАҒЫ ДОСТЫҢ...

Сұрағы достың білгісі келген өзгерек,
Шашыңа неге ақ түсті дейді ертерек.
Тағдыр ма ерте айырған әке-шешеден,
Боларма ед басқа көбірек қалсам
еркелеп.

Кім білсін қиын жолымның әлде белгісі,
Қырыққа жетпей бола ма ақ бас ер кісі.
Арпалыс өмір түсті ме ауыр салмағы,
Жеңіліп бірде, жататын бірде тең түсіп.

Әділетсіздіктер, қатыгездіктер - тым бір
сұм,
Жапа шеккен үлкен де одан бүлдіршін.
Күресіп жүріп, тіресіп жүріп солармен,
Ақ қырау шалып кетті ме басты кім
білсін ?!!

БОМЖ

Өмірің өтіп жатқан алдамшы бар,
Дүние, шіркін, рас жалған шығар.
Орайын таба алмай оңды істің,
...Көңілі көптен әлде қалған шығар.

Әлде жасып жігері солған шығар,
Жан-жары алдап кетіп қалған шығар,
Жұмыссыз қап талай жерге барған
шығар,
Маңдайы тасқа тиіп қайран сорлы,
Шарасыздан БОМЖ боп қалған шығар.

Әйтеуірі бірдеме болған шығар,
Жын-пері әлде мұны шалған шығар,
Теріс бата біреуден алған шығар,
Содан соң қарғыс атып қызталақты,
Қоңыз теріп, БОМЖ боп қалған шығар.

Аялай алмай талантын қалған шығар,
Тағдыр шіркін тас атып жалған шұбар.
Қолпаштап, көп қас-дұшпан
алдарқатып,
Теріс жолға апарып салған шығар.

Бай болып біреулерді сорған шығар,
Сөйтіп оның қалтасы толған шығар.
Алаяқтан абайсызда алданып қап,

Содан соң БОМЖ болып қалған шығар.

Кім білед... өмір-күрес арпалыста,
Қалып қойған жан шығар қалтарыста?!!
Айналайын адамдар, қысқа өмірде,
Бір-біріңді сүйей жүр, таңқалыспа!!!

ШЫН ДОСТЫҚ

Рәтбекке

Сағынып мен алыста жүргенімде,
Сол күйімді досым-ау білгенінде.
Келуші едің қақаған қыс-боранда,
Жазғы аптап қарамай шілде күнге.

Айсараны қасыңа ертіп алып,
(Ол қасыңда жүргенде көркің анық).
Тартып кеттік сендерді сағындық та,
Сағындық та деуші еңдер, еркімді алып.

Шын достықтың шынайы парқын
білген,
Айналайын досым-ау, жарқын үннен.
Үкідей тағы ұшып жеттіндер-ау,
Айдосымның тойы деп сәтті күнде.

Төбем көкке жеткендей болды менің,
Шын достық - сен не деген мөлдір
едің!!!
Жүрегім - шат боп, мәз боп елжіредім,
Шын достық – Сен Құдірет –
Сендіремін!!!

ТІЛЕК

Қызым Арайдың тойында оқылған өлең
Өмір деген лезде байқамаппыз,
Жылдар, жылдар, қыс-көктем қайталап
біз.

Кеше ғана құлындай құлдыраған,
Ботам бүгін болыпты бой қарақ қыз.

Бізге әлі десек те бала ғана,
Уақыт алға жылжып, қарата ма.
Арайым өстің бізді ренжітпей,
Қуаныш сыйлап әркез ата-анаңа.

Бүгін міне, барасың ұзатылып,
Арман толы алдында ұзақ үміт.
Бақытың жансын деймін жарастықпен,
Тілейміз тілеуіңді біз отырып.

Ошақ отың ешқашан өшпесін деп,
Үлкеннің жолын балам кеспесін деп.
Арманжанмен жарасты ғұмыр кешіп,
Өмірдің әдемі өрсін кестесін деп.

Тілеймін, тілеуімді берсін құдай,
Жақсылықты, шаттықты көрсін ұдай.
Бір әулеттің ардақты анасы боп,
Босағана бақ-береке келсін ұдай!!!

ЕЙ, ҚАЗАҒЫМ АДАСПА!

Шалқар дария мына өмір шайқап та
алады,
Адамдар кетіп, артында із – айғақ
қалады.
Қатігез өмір – сыншыл да, міншіл
мынау,
Сәл сүрінсең-ақ сені көп байқап қалады.

Жел айдаған қаңбақтай қалбалақтайды
неге,
Ақшалыға ақшасыздар жалтақтайды
неге.
Рухсыздар – қарынмен жан сақтайды
неге,
Өз тілінде айтылған әнге қол соқпайды
неге.

Туғанына неге адам топырақ салмайды,
Мезгілсіз ызғар болмаса – жапырақ
солмайды.
Тас бауыр болып тас ғасырға қайтып
келдік пе,
Қорқынышты, бәрінен, қаттырақ сол
қайғы.

Жаһандану деп жар салып тақылдай
бермей,

Еліктеп ессіз – ұлтсыздыққа жақындай
бермей...
...Ат бауырына түскен рухыңды көтеріп
алып,
Ей, қазағым адаспа, ақылға келгей!!!

ӨМІР, ӨМІР...

Өмір, өмір кейде маған,
Арман іңкәр қыз сияқты.
Өмір, өмір кейде маған,
Бейне ызғарлы мұз сияқты.

Өмір, өмір кейде үрейлі,
Түпсіз терең тұңғиықтай.
Кейде асауды бейнелейді,
Қырын берген кейде иықтай.

Кейде жауар күн сияқты,
Тұрып алар тым түнеріп.
Кейде өмір жын сияқты,
Шыға келер түлкіге еніп.

Тылсымы көп өмір жұмбақ,
Мың күніне құбылатын.
Бірде тұрса өңін сұрлап,
Бірде шуақ жылынатын.

Өркениет қалада емес, далада,
Қалаң мынау – жабайы.
Секс, парно, интим әрбір санада,
Айтуға да анайы.

Құндылық та, қасиет те, сезім де,
Түсті аттың бауырына, құдайым.
Бүйткен өркениеттің,
Ауызынан ұрайын.

Ақшаң болса қалтаңда,
Талтаңдасаң, талтаңда,
Жаман болдық малдан да,
Ашық қоғам, сенің мына арқаңда!!!

Өтесің ау өмірім, өтерінді білемін,
Алла қанша бұйыртса , сонша өмір
сүремін,
Сүйенерім – халқым да,
Қара жерім ол сен ғой – табанымды
тірерім.

Өмірімнің бөлшегі – секунд, минут,
сағатпен,
Үмітімді үкілеп, келем алға қарап мен.
Күндер , айлар, жылдарым ,
Бір-ақ күндей болыпты-ау, өмір жасым
бар өткен.

...Үміт-арман жетелеп, ынтықтырад
мені алға
Бойға қуат бере гөр, жаратушым, я,
алла.
Адам шіркін өмірдің қызығына тойған
ба,
Мініп алып көкдөнен көк шарлаған
қиялға,
Беу, өмір-ау, қиям ба!!!

ОПЕРАЦИЯ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Дәм-тұзым таусылып қала ма деп,
Сан түрлі ойлар мазалап санада көп.
Ұйықтап кетіп оянбай қалсам егер,
Өмірім бұл тұйықтау болама деп.

Күтіп, міне, жатырмын тар төсекте,
Адаммын ғой әзірге барға есепте.
Білемін пышақ тию оңай емес,
Операция жасатып көрмесем де.

Операция... суық әрі қорқынышты,
Жинағандай боламын әлді-күшті.
Сабыр сақтап, өзіме жігер берем,
Жүректегі басып мен толқынысты.

Күндерім ұйқасымды үйлесім көп,
Жалғаса ма, деген бір күй басым боп.
Ойым төрт, көңілім алтау, беу, дүние,
Қымбатсың, сені әйтеуір қимасым тек.
3.09.2009жыл

ОПЕРАЦИЯДАН ОЯНҒАННАН СОҢ

Көзімді аштым. Ояндым,
Ұйықтататын дәріден.
Өз-өзіме келе алмай,
Жатырмын әлі мен.

Неткен жарық дүние,
Неткен нұрлы-ең, ей, өмір!
Қайта өзіңмен қауыштым,,
Қайта өзіңмен және бір!

Айналайын жақыннан,
Айналайын туыстан!
Айналайын достардан,
Жан сырымды ұғысқан!

Шын әбігер бәрі де,
Көңілдері алаң мың.
Сөзге рас семірген,
Көңілі-ай адамның.

...Өмір қандай нұрлы едің,
Өмір қандай сырлы едің.
Тәтті екен ғой, тәтті екен,
Іңкәр дүние, білгенім!!!
4.09.2009жыл

КӨРДІК МЫНАУ ӨМІРДІҢ ЖОҚ-
БАРЫН ДА

Өмірдегі қосағым Ғалияға

Талай ай мен күндерді, жылды өткеріп,
Бұл өмір келе жатыр иректеліп.
50 деген белесті бағындырып,
30 жыл отасыппыз үй боп берік.

Көрдiк мынау өмiрдiң жоқ-барын да,
Қызық-думан өмiрдiң көкпарын да.
Бәрiн бiрге өткiзiп, бiрге көрiп,
Бiрге аштық жылдардың парақтарын да.

Өмiрге әкеп екi қыз, екi ұлымды,
Сен ұзарттың ұрпақпен өмiрiмдi.
Жұбымыздан айырма о, жасаған,
Ұзағынан сүйiндiр о, күнiмдi.

Әр күн қызық, ұқсамайд, әр ай басқа,
Әр күн қызық шежіре, талай дастан.
Бақытты ғұмырымыз таусылмасын,
Шуақ болып шаңыраққа арай шашқан!
25 желтоқсан 2009 жыл

КӨКТЕМ ҚАЙТЫП ОРАЛАСЫҢ БА?

Көктем қайтып ораласың ба,
Дәл осындай бола аласың ба?
Елімде, ортақ мекен – жер шарында,
Не жаңалық болады, жеке басымда?!!

Ерте түскен білемін көп күз есімде,
Келер жылдың алтын күрегін өпкізесің
бе?
Ей, уақыт, жылдарды ұрлап жатқан,
Аман-есен көктемге жеткізесің бе?!!

Кейде – үміт, кейде бір – күдік басым,
(Сол күдігің болмай-ақ құрып қасын).
Жоқ дегенге құдай-ау, сенгім келмейд,
Кеше жүрген жарқылдап сыныптасым.

Болжаусыз бір дүние. Қасқағымда,
Шыға келер түнеріп аспаның да.
Баса алам ба тағы да деп ойланам,
Туған жерді көптен бір басқанымда.
09.10.2017ж.

БИЫЛ АҒА КЕЛЕР ЕДІҢ ЖЕТПІСКЕ

*10 қазанда тірі болса 70-ке толатын
жан ағам Жанәділдің
рухына бағыштадым*

Не айтасың шақтап берген шекті іске,
Өмір деген өте шығар тек түс пе?!
Тірі болсаң тойлап біздер жатар ек,
Биыл аға, келер едің жетпіске!!!

Ақсақал боп отырар ең дәл төрде,
Біреу жассың, ал біреулер шал дер ме
ед.
Біреу мақтап «қайыспайтын қара нар»,
Ал біреулер» жаны жайсаң жан» дер ме
ед.

Қалай айтса, жарасар ед бәрі де,
Келіп тұрған әзілі де, әні де.
Көпшіл едің, көптің тапқан көңілін,
Өзің жайлы көп айтады әлі де.

Қамқор болып, бауырларға, бауырға,
Жетім қалған жастай өндірі, ауылда.
Қайыстай боп қатқан, аға жегілдің,
Қара жұмыс, қаршадайдан ауырға.

Сол еңбекпен көркейдің де, марқайдың,

Сол еңбекпен шаттандың да,
шалқайдың.
Қадірлі боп, ауыл, жақын, аймаққа,
Ұрпағыңмен қанатыңды ол жайдың.

Өте берген болар ма еді алмасып,
Сол бақытты күндер, аға, жалғасып.
Елуге де келмей жеңгем екеуің,
Кете бардың, бұйрық солай болғасын.

...Ұл-қыздарың өсіп-өнді бүгінде,
(Солар озар тәлім алған түбінде).
Көрмесін деп ұрпағыңа тілеймін,
Өзің көрген қиындықтың бірін де.

Не айтасың шақтап берген шекті іске,
Өмір деген өте шығар тек түс пе?!
Тірі болсаң тойлап біздер жатар ек,
Биыл аға, келер едің жетпіске!!!
01.10.2018 ж

Иттік жасап жүргендер көп өмірде,
Мен соларды қарап тұрып аяймын.
Құты қашып соларыңның түбінде,
Көп болса екен деп тілеймін әй-әй күн.

Иттірлікте онсыз да ит боп жүресің,
Озбырлыққа, азғындыққа көне алмай.
Күлмейтінге, сосын келіп күлесің
Сайқал өмір, ой алла-ай.

ӘКЕ, СЕНІҢ ӘУЛЕТІҢ БІР ЕЛ БОЛДЫ

Ұлы Отан соғысының ардагері, «Еңбек қызыл ту» орденінің иегері, кезінде атақты шопан болған, марқұм әкем Семқұлов Мұқанның әруағына бағыштадым

Жаратқан тілеуінді түгел берді,
Орнында бар оңалар, түгенделді.
Ұрпағың өсіп өніп бүгін, міне,
Әке, сенің әулетің бір ел болды.

Жалғыз едің, жан едің жалғыз ілік,
Өттің әке жоқты да, барды біліп.
Өмір бойы ақ адал еңбегіңмен,
Қиындықтың бәрі де қалды ұмыт.

Соғысып қан майданда кескілескен,
Ерлігіңді балаңбыз естіп өскен.
Жас шағыңды ел үшін құрбан еткен,
Ұрпағың шығармайды ешбір естен.

Бейбіт күнде атой сап еңбегіңмен,
Жан едің биіктерден сен көрінген.
Куәсіндей ақ адал еңбегіңнің,
Жарқырайтын кеудеңде орденің де.

Ерте өтіп өмірден анамыз да,

Жалғыз өзің боп едің панамыз да.
Айтсаң бүгін нанбайтын қиындықтар,
Әңгімелер бергісіз бәрі аңызға.

Көрсеткендей тура әділ жүрер жолды,
Рухың қиналғанда тіреу болды.
Орнында бар оңалар, рас екен,
Әке, сенің әулетің бір ел болды.
Әке, сенің әулетің бір ел болды.
22-23.06.2017ж.

Жақсыларды көріп жүрем түсімде,
Әкем де бар, шешем де бар ішінде.
Жақсылыққа жорып жүрем мен ылғи,
Демеу болып сүйейді деп ісімде.

Кейде демеп, сенгендей де боламын,
Тілегімді бергендей де болады.
Кейде түсім айдай келіп өңімде,
Таңқалып та, толғанып та аламын.

Болса дағы түсім қандай не түрлі,
Не көрсем де, мен түсімде не кімді.
Алдын-ала аян беріп жаратқан,
Сақтандырып отыратын секілді.
22.09.2014 жыл

СОЛ КЕЗДІ САҒЫНАМЫЗ

*Алматы Совет сауда техникумында
бірге оқыған әрі сыныптас
досым Жақашбай Керімқұловқа,
оның жары Ұлбосын Аягановаға
арнаймын.*

«Семқұлов неге жоқ» -деп сен жүретін,
«Керімқұлов неге жоқ» - деп мен
жүретін.
Бірімізді бір ауық көрмей қалсақ,
Іздеп тұрар шақтар-ай өндірі едіі.

Іздесек «42»-ден табатынбыз,
Сол жаққа жиі-жиі баратынбыз.
Сол бөлмеде өйткені тұрушы еді,
Біз үйленіп, ақыры, алатын қыз.

Бақытты бір сәттерге бөленетін,
Қызық еді сол дәурен, бөлек еді.
Бүгінде сағынышпен еске алсақ,
Көз алдыға мөлдіреп келер еді.

Уля – сенің, Ғалия – менің жарым,
Болды өмірде, бақыттың дәмін татып.
Достығымыз суымай келед әлі,
Куә, міне, солардың бәріне уақыт.

Өмір деген осылай болып аңыз,
Өткен шақты еске алып сағынамыз.
АТСТ-да оқыған сол жылдар-ай,
Өмірдің шын балайтын жазына біз!!!
Әрине, сағынамыз!!!
15.09.2014 жыл

Арайланып атты таңның дидары,
Аллам маған тағы бір күн сыйлады.
Тәуба, шүкір, пендесі үшін жұмыр бас,
Тәңірімнің тағы бір күн қиғаны.

Қайырлы таң! Тәтті уыздай жана күн,
Жаңа күнім бастамалар жаңа тың.
Жаңа үміт боп, армандар боп жанатын,
О, күндерім алға сүйреп баратын.

Таңмен атқан күндерменен алға оздым,
Өмір деген арғымағы ол - боздың.
Мақсаттарым биіктерге жетелеп,
Келешекке, келер күнге қол создым.
15.12.2015 жыл

ӨЛЕҢМЕНЕН ДУҒА АРНАДЫМ
ӨЗІҢЕ

*Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы
Қаракөл ауылының тумасы, балдызым
Азаматтың рухына*

Орынымен ойнап әр кез күлуші ең,
Бір жақсылық жасасам деп жүруші ең.
Бір адамның тастамаушы-ең сен сөзін,
Өз орныңды әрқашанда білуші ең.

Қалай ғана қалдың екен мүлт басып,
(Сол күн тұрды қар-жаңбыр боп бұлт
басып).
Жүрмей-ақ қоймадың ба, әттең-ай,
Машинанды қозғамай-ақ, кілтті ашып.

Талай мәрте, өткен жүріп, жол таныс,
Аунап кетіп... жеткізбеді, болды алыс.
Солай болды тағдырыңның талайы,
Өкінсек те, солай енді, болған іс.

Не істейсің, бұйрығына Алланың,
Көп те бәлкім болған шығар арманың!!!
Қазақ сенің кетті тағы дәлелдеп,
Мына өмірдің мәңгі емес, жалғанын.
20.02.2015 жыл

ӨТТИҢ ДҮНИЕ-АЙ

*Бақанас орта мектебінде бірге оқыған
сыныптасым Салтанат Асқарбаева
дүниеден өтті деген хабар алғанда
туған өлең*

Құрық сала бастады ма бізге де,
Ерте жетті бізге мынау, күз неге??!
Мына өмір кең еді ғой, құдай-ау,
Жететұғын Бізге және Сізге де.

Өтпейтіндей көрінуші ед дәл солай,
Жүруші едік өткен шақты аңсап-ай.
Кеше ғана 40 жылды тойлап ек,
Арқа-жарқа, тасып көңіл жансарай.

Он жылдан соң кездесейік тағы да,
Деп едік қой, қуанышқа малына.
Коляны алып кетіп еді өткен жыл,
Салтанатты алып кетті-ау тағы да.

Төбемізден түсіргендей жай қылып,
Біз осылай сыныптастар қайғырып,
Дүние дәурен өтеді екен осылай,
Құрбымыздан қалдық бүгін айрылып.
2014ж.

БІЛІМІҢ ДЕ, ОЛ БИІК ПАРАСАТЫҢ

*ҚЭУ-дің экономикалық құқықтық
зерттеулер*

*ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, ғылым
кандидаты, Болат Сәрсембаевқа*

Білімің де, ол биік парасатың,
Ойларың да тым асқақ – таласатын.
Әзілің де әдемі жарасатын,
Болат деген есім де – дара аса тым.

О, Бөке деп өзіңді сыйлап жүрем,
Жақсылардан мен тәлім жинап жүрем.
Мың күніңе айтамын мен азық деп,
Сұхбаттасқан бір сәтің имандымен.

Тектілікті тұратын шын ұқтырып,
Бойыңда бар асылдық, ұқыптылық.
Мұқағали туған күн сен туыпсың,
Біле білсең – бұл да өзі бір мықтылық.
09.02.2016 жыл

КЕЛІҢДЕР ҮЙГЕ, КЕЛІҢДЕР ҮЙГЕ,
КҮТЕМІН!

*Бір достың
қалжыңына*

Алпысыңа той жасамайсың ба деп
қойдың-ау,
Өмір дегеніңнің өзі емес пе досым, той,
мынау.
Елу деген жақсы еді өзі айтқанға,
Алпыс деген ұнамай сәл-пәл ай, тұр-ау.

Өмір деген алашапқын мынау додада,
Кідіріс деген, сәл тұрыс деген бола
ма?!!
Тілек деген – тілекшің болу өмірлік,
Емес қой досым, бір-ақ күн айтар ол -
ОДА.

Ортақтасып жүрсеңдер болды үнемі,
Қызығыма да, қуанышыма да тілегім.
Мен сендерді жанашырларым деп
білемін,
Елжіреп әр кез тұрғанда соғып жүрегім.
Келіндер үйге, келіндер үйге, күтемін!!!
10.02.2016 жыл

БАҚЫТТЫ ҒҰМЫР КЕШУ ДЕГЕН ОСЫ

*Алматы облысы Балқаш ауданының
Бура ауылында тұратын сыңарым
Ерәділдің 1 сәуірде 60 жасқа толуына
орай жазылған*

Жастай қалдық анадан, жөн білмедік,
Онды-солды білмейтін өндірі де едік.
Ағалар мен жеңгелер арқасында,
Сонда да қиындықты жеңдірмедік.

Жеңдірмедік, жетім деген сөзіңе
сеңдірмедік.
Біреуге қарап және телмірмедік.
Сөйтіп жүріп өмірдің айдынында,
60-қа бүгін міне, келдік жетіп.

Сен де үй болдың, балалы, немерелі,
Деген осы көктейді, көгереді.
Бақытты ғұмыр кешу деген осы,
Аспанға жетпей сәл-пәл төбең елі.

Бала-шаға, елге еткен есіл еңбек,
Айтамын – ол тасыған несібең деп.
Самаркүл екеуіңнің өтті өмірің,
Құлындарыңды алаңсыз өсірем деп.

Бүгін міне, солардың ортасында,
Құда-жекжат, туыстың арқасында.
Ұрпағымен мың жасайд деген сөздің,
Көріп отсың шынайы жалғасын да.

Лайым, солай болсын деп тілеймін,
Сыңарым мұратына жетті деймін.
Әлі де, таусылмай көп бола берсін,
Күндерің қуаныштан көк тірейтін!!!
Сыңарым 60 жасқа кепті деймін!!!
01.04.2016 жыл

Басымды имен, имедім тоғышарға,
Оларменен жолым бұл тоғысар ма.
Оларменен өлгенше алысам да,
Жанымның таза болар ары сонда.

Жетелеп, желіктіріп жастай арман,
Үмітім үнемі алға бастай алған.
Адамдық биік арым тұрғанда анық,
Жанымды жарамсақ қып жасқай алман.
24.09.2016ж.

АҚИҚАТТЫ МОЙЫНДАМАЙ БОЛМАЙДЫ

*60 жастағы сыныптас досым Шәкір
Өтеловты қариялар күнімен
құттықтасам, «Рахмет. Бұл мейрам
біздіке ме?» деп жауап жазғанда туған
өлең.*

Ақиқатты мойындамай болмайды,
Көңілді бір ауыр ойлар торлайды.
Өткен күндер, өткен шақтар оралып,
Келмейтіні, көрмейтінің сол қайғы.

Жақын-жуық, достарыңды жоғалтып,
Келер күнге үмітіңді мол артып.
Уақыт деген көнбейтұғын күдірет,
Бәрін-бәрін қалдырмай-ақ алар түк.

Ақиқатты солай, солай мойындап,
Балалық та, бал дәурен де, ойын қап.
«Біз де бала болғанбыз» - деп біз енді,
Немереге айтамыз сол жайында.

КҮНДЕР ҚАЙДА?

*Сыныптас досым Әмірхан
Құлахметұлына*

Қызға сыйлар қырмызы гүлдер қайда,
Қыдыратын тамаша түндер қайда?
Өтпейтіндей мәңгілік көрінетін,
Қайран қамсыз балалық күндер қайда?

Айырмайтын өмірдің ақ-қарасын,
Ол кездерде болмайтын бақталасың.
Үлкендер бір уыстап кәмпит берсе,
Дүние кілті өзіңде боп қаласың.

Аңқылдақ, аңқау, албырт бір кездер-ай,
Төбеңде түнде қалқып бір кезбе ай.
...Сағынышқа айналып, сол кездерді,
Аңсаймыз деп пе едік бір кездер-ай...
14.10.2016ж

ТІЛЕЙТІНІМ БАҚЫТЫҢ ҚЫЗЫМ
СЕНІҢ

Қызым Әселдің тойында оқылған өлең

Өмір деген – өзіңе мығым сенім,
Қызығы да мол оның, түсінсе мың.
Аялы алақанға сап өсірген,
Тілейтінім – БАҚЫТЫҢ – қызым
сенің!!!

Кішкентайдан ұмтылып үнемі алға,
Қуанттың талабыңмен, тәңір қолдап.
Өнерлі де боп өстің, білімді де,
Кәсіпті де меңгеріп, өзің таңдап.

Бүгін, міне, тойыңа келіп тұрмыз,
Сенімді, қолға ойлаймыз, беріп тұрмыз!
Шын бақытты болыңдар, айналайын,
Қуаныш жүздеріңнен көріп тұрмыз!

Сыйлы болып, үлкенді және сыйлап,
Әр кез жүргей халқыңның батасын ап!
Текті ұрпақтың қызына лайықты,
Мінезің болсын деймін, пейілің ақ!

Тағы да бақытты бол деп айтамын,
Ниязбен ата берсін арай таңың!
Бір елдің АНАСЫ бол лайықты,
Ауызынан тастамай бәрі айтатын!!!

Аузынан тастамай бәрі айтатын!!!
29.07.2016 жыл

ДҮНИЕ, ШІРКІН, СОЛАЙ ӨТКЕНІ
МЕ?!!

*Құдам
Мұхтарұлы Рысбектің
рухына арнау*

Әй-шайы жоқ жайсаң бір жан едің ғой,
Көңілің де құдам-ау, ақ еді ғой.
Әлі талай жасқа кеп, қызық көрер,
Жөнің де рас айтам, бар еді ғой.

Бұл өмір, мың күніне шыр айналад,
Тағдырдың дегеніне шыдайды адам.
Пайғамбардың жасынан сәл асқанда,
Осылай болады деп деп кім ойлаған.

Тағдырдың жазуы сол, солай болды,
Алып кеткен сол жолмен талайларды.
Дүние, шіркін, солай өткені ме,
Реке-ау, өң мен түстей қалай болды?!!

СЫРЛАСАТЫН ҚАЛАДА БІР АҒАМ БАР

Қарағанды қаласында тұратын,
ұзақ жылдар денсаулық сақтау
саласында
жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке
шықса да,
ҚЭУ-де еңбек жолын жалғастырып
келе жатқан Мұқымбеков Бектеміс
ағаның 70 жасқа толуына арнау

Сыр айтпай, ішіндегі тарқала ма,
Ағаң болса, сөйлейсің арқалана.
Ауылдасың болғаны қандай жақсы,
Ауыл жайлы айтасың арқа-жарқа.

Әр кездескен сайын бір мәз болысып,
Көңіл көктем, қуанып, қаз қонысып..
Нарын жайлы айтамыз, Қарой жайлы,
Шығатын сол бір түнді ай толысып.

Қарттар жайлы айтамыз, үлкендерді,
Балалық, асыр салып жүрген жерді.
Айтамыз замандасты, таныстарды,
Түсіріп еске барлық білгендерді.

Осылай, сырласатын бір ағам бар,
Қалада тұрып жатқан, сұрағандар.

Сол ағам бүгін кепті 70 жасқа,
Амандығын тілеймін, уа адамдар!!!

Қызмет те, абырой, бәрі сізде,
Құрметті зейнеткер дәрігерсіз де.
Ұрпағыңмен ағам-ау, мың жасаңыз
Келіңіз 80, 90, әлі ЖҮЗГЕ!!!,

Балқаштың жағасында туған аға,
Бет-жүзін шалқарымен жуған аға.
Өмірдің додасында бәйге ап әлі,
Ұзақ жасай беріңіз думандата!
Ұзақ жасай беріңіз думандата!!!
17.02.2017 жыл

Сағынышқа бәрі айналар өткеннің,
Талай жаз бен қыс, күз айы, көктемнің.
Олжа салған күндерім де есімде,
Есем де бар қайтара алмай кеткен мың.

Шаттық та бар, қуаныш та, көп мұным,
Аңғартпайды ол, қамсыз күндер
жоқтығын.
Бетегеден бірде аласа боп жатсам,
Бірде биік боп жатыпты шоқтығым.

Қателіктен сабақ алып үнемі,
Жаным менің жомарт болып жүреді.
Кімнің жақсы, кімнің жаман екенін,
Жүрек өзі безбендейді, біледі.
09.09.20ж.

Бар қадірін білмейміз бұрын неге?
Мың құбыла береді күнім неге?!!
Жақтырмайсың біріңді бірің неге,
Ей, адамдар жетпейді тіріңде не?!!
02.06.2020ж

ӨМІР ӨТІП БАРАДЫ КІДІРМЕЙ-АҚ

Қанша танды атырдым, жүгірді аяқ,
Өмір өтіп барады кідірмей-ақ.
Әскерге шақырту кеп қалатындай,
Келе жатқан сияқты тықыр таяп.

Басы айналып біреулер бақталастан,
Біреулер-ай от басқан, шоқ та басқан.
Барлығына куә боп қайран күндер,
Өмір өтіп барады тоқтамастан.

Атқан оқтай, зулайды шапқан аттай,
Кейде тұзу, ал кейде шатқалақтай.
Өзінді өзің оқып үлгермейсің,
Әлеуметтік желідегі ақпараттай.

Өмірді өзі берген шақтапты Аллам,
Жазғырып та, ол өзі ақтап та алған.
Талай қауіп-қатерін төндіріп те,
Көндіріп те бәрінен, сақтап қалған.

Бір күні өтесің-ау қайран өмір,
Сағаттай бір-ақ сәтте тоқтап қалған.
18.03.22ж.

Қиналсам көп ішінен тіреу табам,
Жатқандай іштен айтып тілеу, бабам.
Істеген істеріммен, айтқан сөзден,
Көрініп бәрі, бәрі тұр-ау бағам.

Күнде өзгеріп өмір де, тұр-ау ғалам,
Шатасып та қалады мынау балаң.
Күндерден кейде қызық сыр аулағам.
Кейде мен өзімді-өзім сұрауға алам.
03.09.21ж.

О, БОКЕ!

*Қарағанды қаласында тұратын ғалым,
ұстазз Сәрсембаев Болатқа*

Мақтауға да тұрарлық, мақтануға
тұрарлық,
Өмірге деген ерекше құштарлық пен
құмарлық.
Мынауымыз деп жүргеннің талайынан о,
Боке,
Адами зор келбетің, айтпасақ та мың
артық.

Бекзаттықты бойыңа сыйдырған бар бір
жансың,
Жаратылған шын айтсақ жүзің рас
нұрдан шын.
Өзіңе барлық жарасар, биіктер де,
мақтау да,
Асу бермес жоқ-ау, жоқ алдында
барлық тұрған шың.

Ұстаздық пен ғылымды қатар алып
келесің,
Содан бақыт табасың, содан рахат
көресің.
Инемен құдық қазғандай, ілімнің де,
білімнің,

Маңдай термен ерінбей, жемісін рас
тересің.

Туған тілге өзіндей жанашыр да кем де
кем,

Әдебиет жайлы айтсаң, әдебиетшідей
сөйлер ең.

Бар саладан хабары мол болатын ол
сирек,

Артық емес қанша айтса, өзіндей жан
ой терең.

Алпыс деген, о, Бөке, биік, асу белесің,
Құтты болып, өзінді қуанышқа
бөлесін!!!

Бұқар жырау киелі аруағы бабаның,
Желеп, демеп өзінді қолдап әр кез
жебесін!!!

08.02.21ж.

Сырың көп қой сырлы өмір,
Бәрін дағы сүр де біл.
Қызық кітап ол сенсің,
Үміт сыйлар күнде бір.

Әрбір сәтің бір жол да,
Күндерің ол бір парак.
Жылдар деген шежіре,
Аударыстырар мың қарап.

Өткен күндер – аманат,
Отыратын жаңалап,
Естелігің – мұрағат,
Қуантып бір, жылатад.
02.11.21ж.

АЛПЫС АЛТЫМ, АРМЫСЫҢ!

Екі алтыға келдім бүгін - қатар сан,
Сыр да, жыр да көп екен ғой қотарсам.
О, жаратқан сыйлап жатса жарығын,
Жылдар жылжып, таңдарым да атар сан.

Екі жеті, сегіз, тоғыз жұп болып,
Қария боп, ата болып, құт қонып,
Ұрпағымның көргізе көр қызығын,
Отырайын тоқсанға кеп, нық толып.

Шүкір, шүкір, жаратушым, осыған,
Осығанда, көңіл шіркін тасыған.
Ақ жауыннан соңғы күндей ашылам,
Ашылам да шуақ болып шашылам.

Не өтпейді адамның бұл басынан,
Несін бәрін сыр ғып бүгіп жасырам.
Кейде рас буырқанып тасынам,
Кейде рас тыншып қалып басылам.

Ей, өмір-ай кейде рас жасығам,
Баламын ғой жетім өскен жасынан.
Жігерленіп, бәрін дағы ұмытып,
Сілкініп ап келер күнге асығам.
Шүкір, шүкір осыған!!!

БІР ҚАТЕЛІК

Бір қателік, бір қателік, «әй, ұрған»,
Түгелінен, түгелінен айырған.
Тұра біліп, түзей білсең кезінде,
Бәріндеағы алла өзіңе қайырған.

Бір қателік, бір қателік қауіпті,
Бір қатеден дос дұшпан боп жауықты.
Бір қатеңді түзей білсең шамаң кеп,
Көре алмастар, оу, ықты.

Бір қателік өмір бойы азаптар,
Соның үшін қасың күліп, мазақтар.
Қателіктен сабақ алсаң, өзгерер,
Пайда болып өмірінде ғажаптар.

Бір қателік, бір қателік жасамай,
Сүру қиын, болсаң дағы аса абай.
Ең бастысы өткеніңе өкінбеу,
Сүре білу, сүре білу босамай.
20.08.21ж.

Қусамдағы жеткізбеді байлығың,
Шайлығымнан аспай қойды айлығым.
Саған бәрі жетпейді екен-ау,
Балалық шақ балдай тәтті жай күнім.

Ойламайтын бар-жоқ-ау деп ештеме,
(«Тәтті» ойыннан қалушы еді есте
не?!!)
Зарықтырып кірмей үйге қоюшы ек,
Жүруші едік ойнай-ойнай кеш келе.

Соның бәрі ертегідей сенгісіз,
Бүгін айтса, күндер екен бергісіз.
Күндер қайтып келмейд(і) екен соны
ұқтым,
Алда тағы не болары белгісіз.
7.08.21ж.

О, МАХАББАТ!!!

Сені тілсіз құдіретке теңегем,
Тылсым десе оған да мен сенер ем.
Сезім дер ем шарпып алған бойыңды,
Жүрегіңді қуанышқа бөлеген.

Түсінуге, түсінбеуге болмайтын,
Жұмбақ сыйқыр, адам күйі сондай тым.
Тіл таба алса табысады қос жүрек,
Таба алмаса ойхой, пәлі-ай,
«оңбайтын».

О, махаббат, сенделтетін ол сені,
Ғашықтықтың – түсінісу – болса емі.
Ынтық сезім, сүю, күйю ол ессіз,
Нағыз оның өлшемі.
31.08.21ж.

ЖАСАНДЫЛЫҚ

Айналаңның бәрі дағы жасанды,
Алданамыз, алданамыз қашанғы.
Көзге ілмейді бүгін адам осалды,
Әңгүдіктер «шаш ал десе бас алды».

Қап қара ғып сызып қойған ай қабақ,
Оның дағы жасанды ғой, әй, қарақ,
Өмір деген сұлу ғой деп бөсетін,
Ішкіш сынды жүз грамды шайқаб ап.

Жасандылық, жасандылық түп-түгел,
Күлгені де, о, жасанды, жұртты көр.
Бүгін қоғам бәрі есепке құрылған,
Пайдаң болса, сонда ғана мықты дер.

Құндылықтар кеткен бүгін ауысып,
Байлықпенен, ақшаменен қауышып.
Жасандылық құртып жатыр адамды,
Алдап, арбап, өмірленін тауысып.

...Кездерімде тыныс алар шаршаған,
Табиғаттың тылсымына тамсанам.
Жасандыдан бәрі-бәрі шаршаған.
Табиғаттан үлгі алса ғой барша адам.
17.08.22ж.

АЛЛА АЛСЫН, БАУЫРЫМ,
ПАНАСЫНА

*1972 жылы туған бауырым, , Жанәділ
баласы Ардақтың рухына бағыштадым*

Ағам да ерте кетіп ед, жеңгем де ерте,
Мен айтамын, айтады көргендер де.
Неге ғана жеткізбей қойдың екен,
Елу деген тәңір-ау әудем жерге.

Жай түскендей хабарың бауырым-ай,
«Өтті» деген бұл сөздің ауырын-ай.
Сен де өттің-ау келе алмай елу жасқа,
Қала берді-ау, көз жасқа малынып-ай.

Тәтті болар қызығын шырынды әр күн,
Көрем енді дегенде құлындардың.
«Әкетайлап» артыңда боздап қалып,
Құлындарың деп пе едік шырылдар
тым.

Қолдан келер қайран жоқ, дәрмен де
жоқ,
Көңіл ғана сыздайды шерменде боп.
Қабырғамыз қайысып жыласақ та,
О дүниеден шын қайтып келгендер жоқ.

Ажалға кім келе алар арашыға,
Адамзаттың бұл жазға небаласына.

Алдың пейіш, ал артың кеніш болып,
Алла алсын, бауырым, панасына.
15.01.21ж.

ҚАС-ҚАҒЫМ ҒҰМЫР

Қас-қағым ғұмыр,
Қырық құбылатын күніне.
Кейде рас қыңыр,
Түсініп болмас.Сыры не?!

Жаз-шуақ болып,
Шалқытса кейде аз елес.
Өткенді шолып,
Ойлайсың кейде, мәз емес.

Түсінсең бірде,
Түсінбей бірде ойланып.
Танымас мүлде,
Басқа бір жайға айналып.

Дүрсін де дүрсін,
Өзгеріп сала беретін.
Дүние тылсым,
Өте тым?!!
18.09.19ж.

V.ӨМІР, ӨМІР КӨП ЕКЕН ҒОЙ СЫРЫҢ МЫҢ

*Дүрсіліне елтіп кетем дүбірдің,
Кейде сәл-пәл нәрсеге де дігірмін.
Атқан таң мен арасында іңірдің,
Өтіп жатыр, өтіп жатыр ғұмыр-күн.*

Қарсы аламын келер күнді белгісіз,
Адам айтса болар мүмкін сенгісіз.
Білмейтінім менің де анық ол жайлы,
Айта алмайсыз және ол жайлы енді Сіз.

Алдағы күн бәрі-бәрі болжаусыз,
Дей алмаймын болады деп ол—
«жаусыз».
Жауға шапқан батырдайсың сен көзсіз,
Не болса да болатыны ол - даусыз.

Болмаса екен, о, күндерім, талғаусыз,
Болмаса екен, о, күндерім андаусыз.
Күндер күнге үмітпенен ұласып,
Ей, өмірім, қалмаса екен жалғаусыз.
28.09.2022ж.

Дүрсіліне елтіп кетем дүбірдің,
Кейде сәл-пәл нәрсеге де дігірмін.
Атқан таң мен арасында іңірдің,
Өтіп жатыр, өтіп жатыр ғұмыр-күн.

Көп нәрсені жүре-жүре ұғындым,
Әй, өмір-ай, көп екен ғой сырың мың.
Шуағына талай жанның жылындым.
Оным да рас талай жерде сүріндім

Бірақ қайтып келмейд екен бұрынғым,
Сағынышым болып ертең бүгінгім.
Армандарға айналыпты құлын-күн.
Жетпейтіні алақаны анамның,
Анам жайлы жетпейтіні бір үннің.
Қысқалығы әттең, сосын ғұмырдың.
06.09.2022ж.

ҚҰЛАЗУ СӘТТЕРІ

Қызықтырмай қояды ештеңе де,
Қызықтырмай қояды кеш те неге?
Осындай сәттерімде түсе беред,
Мұңлы кездер көбірек еске неге?

Уақытым жатқандай босқа кетіп,
Түсініксіз бір жайлар бастан өтіп,
Түкке тұрмай қалады қызықсыз боп,
Жазған мына өмір де дастан етіп.

Беу, өміра-ай, десек те сәні қандай,
Бірауық, сұрықсыз боп, мәні қалмай,
Мызғып кетіп, оянған адамдай боп,
Отырам кейде өзімді тани алмай.
12.09.2022ж.

Ешкімге жоқ десем дағы қарызым,
Өтелмеген бар әлі де парызым.
Біраз өмір бер деп жазсам Аллаға,
Өтер ме екен, өтер ме екен арызым.

Жарық дүние жетпейді екен бір күнге,
Сайран салдым, қысқа өмірде күлдім
де.
Уақыттың бар бағасын түсініп,
Өмірімнің шын қадірін білдім бе?!!

Бар қадірін түсінбейміз барында,
От боп маздап, шалықтап жан,
жалында.
Өткеннен соң әттеген-ай деп айтып,
Өкінеміз, өкінеміз соңында.
...Кейде болмай жатад екен оның да.
13.09.2022ж.

МЕНИҢ ДЕ БАР БІР ҚАЙҒЫМ ТҮСІН БІРАҚ

Түсің жылы-ақ дейсің бе, түсің жылы-
ақ,

Тұр ғой баурым езіліп, ішім жылап.
Айта алмайтын, айтпайтын мәңгілікке,
Менің де бар бір қайғым түсін бірақ.

Сынайтындай бойдағы төзімді анық,
Көңілді күйлерім мен кезімді алып,
Қайғы жеп, отыратын сәттерім көп,
Бетпе-бет өзімменен-өзім қалып.

Жанымды немен білмей емдерімді,
(Тек қана ойлайтындай енді өлімді),
Бір сәтте сілкініп ап қыран құстай,
Бетке алам шуақ іздеп мен де күнді.

Біліп жатыр көпшілік, депті кімді-ей.
Сыртым бүтін, ал ішім көк түтіндей,
Талай- талай сәттерім ешкім білмес,
Найзағайлы шатырлап өтті күндей.
26.08.2022ж.

БІР ҚОШТАСУ

Тыйып солай жадыраған күлкіні,
Өмірімнің өте шығып дүр күні.
Бітпейтіндей қу жалғанның жарығы,
Соңымызда қалад екен бір күні.

Қимайтындай бар болса да жақсылар,
Дұшпандарым бар болса да нақ сынар.
Бір қоштасу болады екен түбінде,
Қара жерге мәңгілікке тапсырар.

Сияқты бір бәрі-бәрі мәңгілік,
Арман от боп, жүрегімде жанды үміт.
Көрген түстей, өтеріме сенбеймін,
Соның бәрін, беу өмір-ай, қалдырып.

Кетед адам, кетем иә, мен солай,
Дүние шіркін болсадағы кең сарай.
Өмір заңы – соңыңа із қалдырып,
Жол тартасың – келмес күнге – ол
солай.

02.06.21ж.

МАРҚҰМ

Енді оған керек емес жайлы күн,
Енді оған керек емес айлығың.
Енді оған керек емес той-думан,
Енді оған керек емес қайғы-мұң.

Өмірдің де керек емес тірлігі,
Өтіп кеткен дүрілдеген дүр күні.
Керек емес өсекшінің мылжыңы,
Керек емес суайттардың сұмдығы.

Керек емес, жайлы пәтер, кілт те оған,
«Жүз грамм» да керек емес «ұрттаған».
Керек емес жауының да, дауылың,
Керек емес күнің дағы бұлттаған.

Ұқпағандар тірісінде ұқпаған.
Болған шығар бәлкім марқұм мықты
адам.
Жер бетінде жанталасқан бір өмір,
Жер астында керек емес түк те оған.
11.05.21ж.

О, ӨМІР!

Көп мазалап тынымды алып барасың,
Көп ойланар мұңым болып барасың.
Біле түсіп өмірімнің бағасын,
Шын өзгеріп бұрын қалып-қарасым.

Барған сайын қымбат болып барасың,
Сағынышты сыр-хат болып барасың.
Ұстатпайтын бұлаң құйрық түлкідей,
Әй, өмір-ай бұлаң қағып барасың.

Менің оған жоқ сірә де таласым,
Барған сайын тәтті болып барасың,
Күннен күнге басқан сайын ауырлап,
О, қара жер қатты болып барасың.
08.08.2022ж.

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР

О, қыз-келіншектер, қыз-келіншектер,
Сендерсіз қызық емес, өмір шектер.
Сендерсіз мына өмір не болады,
Еркек боп, әйел болып бөлінсек те.

Білемін бойларыңда сыйқыр барын,
Назыңмен еркектердің күйдір бәрін.
Көрмейсің бе ең керемет сұлулықты
Өздеріңе табиғат сый қылғанын.

Бәрі де тек сендерге жарасады,
Тамсана еркектер-ай қарасады.
Нұрландырып жіберер нұр жүздерің,
Күлкілерің өмірдің ғана сәні.

Өмірде ең әдемі – гүлдер сендер,
Ең әдемі күлкі де – күлген сендер.
Жандүниесін ерітіп, есін алып,
Құпиясын ерлердің – білген сендер.

Сұлулық падишасы – үлкен сендер.
Жұлдыздай жарқыраған Үркек сендер.
Жымыған жүздеріңді көрген сайын,
Құлпырып кетесіңдер мүлдем сендер.
23.08.2022ж

Өмірімді десемде дара сыздым,
Даналықты десемде ғана сүздім.
Демесем де ұрпақсыз, баласызбын,
Кей қиындық алдында шарасызбын.

Демесем де ол менің осалдығым,
Демесем де ол менің босандығым.
Сынағысы кеп тұрған сәттерінде,
Тағдыр артпайд расында осал жүгін.

Қиындық деген рас қауіп келіп,
(Сондадағы амалын тауып көріп),
Соның бәрін құлыптап қажырыммен,
Есігін қоям рас жауып берік.
02.08.22ж.

ҚАРАҒАНДЫМ

Шаһар бұл әйгілеген алыптарды,
Есімде әрбір есім қалып қалды.
Бір көшесі апарса Ғабиденге,
Бір көше Тәттімбетке алып барды.

Абай болып биіктен ол қарап тұр,
Сөзіне ұйып ақынның шартарап тұр.
Жиып алып жақсы мен жайсандарын,
Жатқандайын шаһарым алқалап бір.

Қарсы алып тұр ол халқын Қаныш
болып,
Мәшһүр болған халқына таныс болып.
Шаһарыма алаштың бәрі бірдей,
Еш ұлы да көрінбейд алыс болып.

Күйін тартып тұрғандай Құрманғазы,
«Сарыарқа» күй төресі, мың сазды әрі.
Сәнін беріп тұрғандай шаһарыма,
Сәкенімнің мүсіні сырбаз тағы.

Қаздауысты Қазыбек би бабам менің,
Деп тұрғандай «жақсы ма, аман ба
елім».
Бұқар баба кеше де жырлап өткен,
Тағдырына еліңнің алаңды едің.

Бүркіп оттай өлеңді Қасым ақын,
Тұрғандайын жыр оқып басым ақын.
Қырандайын шүйілген қас жауына,
Нұркендейін батыры – жасын атың.

Бауыржан боп, Саттар боп қарсы алады,
«Өренім» деп, Жамбыл боп жар салады.
Кеншілердің байырғы астанасы деп,
Келген адам өзіңе тамсанады.

Сүйікті қалам менің, Қарағандым,
Өзгеше боп көрінер дара қалпың.
Алыптардың рухы жебеп сені,
Қолдай берсін рухы бабалардың.

ЖАҚСЫ АДАМДАР!

Жақсы адамдар көп екен ғой білгенім,
Асыр салып содан ба екен жүргенім.
Содан ба екен жарқын -жарқын
күлгенім,
Ей, адамдар, мен сендермен біргемін.

Көп нәрсені келе-келе меңгердім,
Шарапты да кейде ішкенді жөн
көрдім.
Ол жастық ед, жүре-жүре, жөнделдім,
Жақсы адамдар арқаларың сендердің,

Жақсы адамдар өздеріңмен тең көрдің,
Сөздеріңмен сендер айтқан емделдім.
Содан болар мен шегінен шыққам жоқ,
Адамшылық деген асыл шеңбердің.
24.08.21ж.

Тілін жұтып алған сынды балықтай,
Жақсы көрсін деп те мінез танытпай,
Айтар жерде айтып қалдым сөзімді,
Жүрген шығар әй, аярлар әлі ұқпай.

Атаққа да ұмтылмадым жан салып,
Жасандыға көргенім жоқ тамсанып.
Жақсы ісім де мен жасаған бар шығар,
Даңғазалап көргенім жоқ жар салып,

Жасандылық, жасандылық жат маған,
Жағыну мен табыну-ай қаптаған.
Мен мақтансам даламды айтып
мақтанам,
Мен мақтансам тарихты айтып
мақтанам!
Шежіремді ғасырлардан сақтаған!!!

Көктем кетті, өтті ғой жазы тағы,
Күнпараққа тағы не жазылады.
Жырта-жырта жұқарған күнтізбедей,
Қалыпты ғой өмірдің азырағы.

Күзі менен бұйыртса қысы келер,
Біреулердің мұз қарып, түсіне енер.
Қысқа өмірде байқамай қиыс кетсем,
Кешіре гөр, ей, жандар, түсіне гөр.

Бір орнында өмірді тұрмас көрем,
Жөні бөлек өмірде, құрдас деген.
Сен де айналдың бұл күні сағынышқа,
Жастығыма, о, куә, сырлас мекен.

Уысында уақыттың қалып ұста,
Өмір деген жанталас сабылыста,
Естелік болып бәлкім айтылармын,
Мен де айналып бір күні сағынышқа.
17.08.2022ж.

ЖЫЛДАРҒА ЖЫЛДАР ҚОСЫЛЫП

Жылдарға жылдар қосылып,
Жолдарым жүйткіп жосылып.
Тоқтаусыз жүріп келемін,
Жасымды аллам өсіріп.

Қуанышым да жетерлік,
Қиындықты да көтердік.
Өкініп кейде отырам,
Күндерге өткен бекер түк.

Жақсыларменен марқайдым,
Жаманды көрсем қартайдым.
Сызық боп түсті маңдайға,
Ауырлық деген әр қайғым.
13.04.21ж.

ЕЙ, УАҚЫТ!

Ей, уақыт бал, бірде у ұсынған,
Сен де шығып кетерсің уысымнан.
Айыра көрме мені еш мезгілсіз,
Жақын-жуық, дос-жаран, туысымнан.

Тосын келген кей жайлар шошытады,
Не күтіп тұр алдымнан осы тағы.
Бір жақсы сөз естісем, о, құдірет,
Теңіздейін көңілді тасытады.

Жақсылармен жақсы-ау жақындасып,
Жүрген әр кез кеңесіп, ақылдасып.
Жат боп кеткен жандарды көрген
сайын,
Жақыныңа тұрасың бауыр басып.

Ей, уақыт сен мені сүріндірме,
Тандарым ат, шуақ боп, күнім күл де.
Тыным таппай шапқылап мен жүрейін,
Сен де берме, уақыт, тыным мүлде.
15.02.21ж.

ӨМІР СЕНІ СҮЙЕМІН

Мақсатыммен, мұратым, арманыммен,
Өмір сені сүйемін бар жаныммен.
Аларым таусылған жоқ деп келемін,
Өмір сенен көп нәрсе алғаныммен.

Тым тәттірек көріндің қиналғанда,
Десем де оны бұйыртып қиған да алла.
Саған деген құштарлық тарқамайды,
Кеудемде – от, жүрегімде – иман барда.

Өмір сені сүйемін, сүйіп келем,
Өмір шығар арман-шың – биік деген.
Төңкерілген дүние қасқағым сәт,
Мөлдіреген жанарға сыйыпты екен.

Өмір сені сүйемін, сүйіп өтем,
Тәңірімнің мен үшін сыйы бөтен.
Өмір деген қызық бір жиын екен,
Бітіп қалар сонысы қиын екен.
18.03.21ж.

Бұл өмірде бәріміз де пендеміз,
Жақсылықты көру үшін келгеміз.
Жақсылардың біз артынан ергеміз,
Жақсылығын талай жанның көргеміз.

Көлде де, жүргеміз шөлде біз,
Қиындық та көріп талай көнгеміз.
Жастық шаққа жалын ғұмыр бергеміз.
Біз сол жақтан жалындатып келгеміз.

Төккенбіз талай-талай тер де біз,
Бола білдік еңбек жасап ер де біз.
Сенімге еш селкеу түспей сенгеміз,
Пайдамыз бір тисін деп елге біз.
Біздің буын бәрін солай жеңгеміз!!!

АДАМДАР-АЙ

Адамдар-ай білмейтін, мен білетін,
Көңіл хошын сыйлайтын, келтіретін.
Бір сөзбен-ақ жағанды жайлау етіп,
Бір сөзбен-ақ ертеңге сендіретін.

Сыйлап жатса шапанын кигізетін,
Көкке бір-ақ төбеңді тигізетін.
Жақсы көрмей ісіне қойғызбайтын,
Қылықтарымен өздерін сүйгізетін.

Қуанышты да өздері бөлісетін,
Қайғыңда да өздері көрісетін.
Өтірік-шын айтатын тағы өздері,
Жақсы, жаман болсам да келісетін.

Дұрыс жолға, адассам, салатын да,
Жанашырым шын тегі болатын да.
Жабырқатып қоятын тағы өздері,
Хабарласпай үн-түнсіз қалатын да.
Адамдар-ай.

ӨМІР-КӨШ

Құдай берген қызық-ау несіп деген,
Жақсылардың сөзімен өсіп келем.
Дүниеге шыр етіп келген кезден,
Өмір-көш, көшіп келем, көшіп келем.

Көшіп келем, тоқтаусыз жүріп келем,
Үміт көп, кейде кіріп күдік деген.
Түкке тұрмас нәрсеге ренжіп қап,
Күлмейтінге құдай-ау күліпті екем.

Жақсылық бір жүреді жасағым кеп,
Мұңлы көрсем кетеді босағым кеп.
Жаныма бір жағымды саз естісем,
Өмірлік айтатұғын осы әнім деп.

Өмір-көш мен тіріде тоқтамайды,
Қызығым мен белесім боп талайғы.
...Ойландырмай қоймайды – бір ақиқат:
Асау уақыт, әй, бір күн ноқталайды.

ӨМІР-БӘЙГЕ

Өмір-дода, аламан, бәйге нағыз,
Туғаннан-ақ жарысқа сайланамыз.
Батыраш та бар болар жол тосатын,
«Құлагер» де емес қой жай ғана аңыз.

Сүріну де болады, жығылу да,
Тура келед жалт беріп құбылуға.
Бас асаулық танытып тік тартамыз,
Шама бермей ал кейде бұрылуға.

Мықтылық па білмейміз, олқылық па,
Олқылықты түзейміз толтырып та.
Бірдей емес шабыс та, жол да ұзақ,
Алқынып та аламыз, тартынып та.

Кім қалады, кім кетер шаң қаптырып,
Жатқан жоқпыз додаға таңдап кіріп.
Өмір-бәйге, алдына аламанның
Шығарады, болдыртып алдап тұрып.
21.09.20ж.

ӨМІР-БАЗАР

Қызық-думан ес-түссіз еліктіріп,
Еліктіріп, өзіне желіктіріп.
Ненің қымбат екенін, ненің арзан
Өмір-базар, келесің сен ұқтырып.

Нені іздесең табасың, таба аласың,
Не қызықтың бәрін де ала аласың.
Дұрыс таңдау жасамай қателессең,
Опық жейсің, өзіңе, санаға сын.

Өз бағанды өлшеусіз өсір мейлі,
Бола берсін қаталдау тосын кейпің.
Заңы оның бәрін де өзі екшейді,
Өмір-базар алдауды кешірмейді.
24.09.20ж.

ӨМІР-КҮРЕС

Өмір деген шектелмес кіл өсумен,
Күресумен өтесің, тіресумен,
Ұмтыласың, алдыға құлшынасың,
Ілбіп жүре бермейсің ілесумен.

Туғаннан -ақ күреске ынталанып,
(Ең алғашқы қарсылық - «іңгәң» анық).
Бір жығылып өмірде, бір тұрасың,
Талай-талай тым ауыр сынға қалып.

Бір жеңіліс, бір жеңіс дәмін татып,
Жеңіс болса, бар істі арындатып.
Жігерленіп жалындап шыға келіп,
Шаттанудың өзі бір – нағыз бақыт.

Ашық болып өмірдің кіл аспаны,
Жақсы күндер – қуаныш ұласқаны.
Бір тынымсыз дүние тыншу бермес,
Өмір деген ол рас – күрес бәрі.
28.09.20ж.

БІЛІНЕД ЕКЕН БӘРІ ҚИЫНДЫҚТА

...Қайнаған айналып бір миым
күртқа,
Айтпасам да көңлімді дүйім жұртқа.
Жүрекке салмақ түсіп көп нәрселер,
Білінед екен бәрі қиындықта.
28.10.20ж.

ӨЗІММЕН ЖИІ СӨЙЛЕСЕМ

Жасасам рас өмірде мынау қателік,
Жататын сосын жақсы істерімменен
өтеліп.

Оған да өзім себепші болып жатамын,
Соның бәрін жүретұғын көтеріп.

Жетпей жатсам армандаған межеме,
Оны да білем не нәрсе екенін тежеген,
Еріншектігім бе екен кім біледі, құдай-
ау,
Тартып тұратын кейін қарай осы
кежегем.

Көңілімнің де біреуден қатты қалғанын,
Өзгеден емес, өзімнен көрем мен бәрін.
Өзіммен-өзім сондықтан жиі сөйлесем,
Кемшіліктердің түзету үшін қалғанын.
05.06.2020ж.

Оңашада отырсам беймазамын,
Көңілдің түкпірінен ой қазамын.
Осылай ел, бауырлар боламыз ба,
Қайда кетіп барасың, ей, қазағым.

Ошақ-оттан түспеген тайқазаның,
Батыры емес, намысты ед жай қазағың.
Азаттық үшін біздің құрбан болған,
Ұмыттық па бабалар қайғы азабын.

Болсадағы қауһары ықтырардай,
Мемлекеттік тіл болып тік тұрардай.
Бір қазаққа бір қазақ қойдық әлі,
Ана тілдің қадірін ұқтыра алмай.

Шығыс, бірде Батысқа қарайды анық,
Өз ділінен жат ділге ары айналып,
Қадірі артып қазағым, қайран тілдің,
Қашан шығар күні ойхой арайланып

Тарихынды білмесең болмысыңды,
Көрініп тұрар анық олпы сынды.
Жаншылса егер рухың сағың сынып,
Басып тұрар мәңгілік бар мысыңды.

Көп мін тауып, неге жатад көп сынап,
Жауабы жоқ, жауабы жоқ, көп сұрақ,
Күнге жағын көрмей осы өмірдің,
Көлеңкесін көреміз-ау жақсырақ.

Жоқты бар ғып кінәлауға бейімбіз,
Ол өзіңе көрінбейді кейінгі із.
Демеп осы жібергеннің орнына,
Жығылғанға жұдырыққа пейілміз.

Ниет - бөлек, болғанымен жүзі ақ.
Адамдардың қылықтары қызық-ақ
Қанша жандар түзете алмай әуреді,
Байқаусызда өмірлерін бұзып ап.

Күн шығып, таң бәрібір де атады,
Күн ұяға қайтып сосын батады.
Сол мезгілде талай жандар бетпе-бет,
Тағдырымен келіп тіке жатады.
Соның бәрі жаныма рас батады.
25.01.21ж.

АР АЛДЫНДА АҚИҚАТ – АДАЛ ЖАНЫМ

Бай болсам ғой дейтұғын мен де шіріп,
Пендешілік-ай, осы пендешілік.
Байлық қуып кетуге болар еді,
Алдымдағы қағазды мен де сырып.

Қолымнан ол келмеді, бола алмадым,
Ақ қағаздың беті еді мол арманым.
Ақиқатты ақтарып жазсам дедім,
Шықса дедім көмейден қамалған үн.

Ар алдында ақиқат – адал жаным,
Жарамсақ та, жағымпаз бола алмадым.
Адамдық жайын ойлап алаңдадым,
Күні-түні сол болып бар арманым.
02.11.20ж.,

МАЗМҰНЫ

I бөлім	
Дала ұғымы қазақпенен бір егіз.....	3
II бөлім	
Ауыл деген мәйегі болмысымның.....	18
III бөлім	
Тілейтінім жұмыр жер амандығың!.....	52
IV бөлім	
Өткен күндер ескірмейтін естелік.....	65
V бөлім	
Өмір, өмір көп екен ғой сырың мың.....	131

Бекәділ СЕМҚҰЛ

ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

Жыр жинағы

Компьютерде терген: **Ғ.М.Жүмәділова**